



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Медициналық зертханалар
Сапасы мен құзыреттілігіне қойылатын талаптар
Лаборатории медицинские
ТРЕБОВАНИЯ К КАЧЕСТВУ И КОМПЕТЕНТНОСТИ

ҚР СТ ISO 15189-2023

(ISO 15189:2022 «Medical laboratories – Requirements for quality and competence», IDT)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**



Астана



БИН: 9407400009001. Заказ №F-583410072024 от 10.07.2024. Пользователь: Атырау ВИЧ центр
СТ РК ISO 15189-2023 выдан РПП на ПХВ «Казахстанский институт стандартизации и метрологии». Безвозмездное использование только для резидентов Республики Казахстан



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Медициналық зертханалар

Сапасы мен құзыреттілігіне қойылатын талаптар

ҚР СТ ISO 15189-2023

(ISO 15189:2022 «Medical laboratories – Requirements for quality and competence», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана



ҚР СТ ISO 15189-2023

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті «Қазақстан стандарттау және метрология институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП, ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2023 жылғы 21 қарашадағы № 458-НҚ бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO 15189:2022 «Medical laboratories – Requirements for quality and competence» (Медициналық зертханалар. Сапасы мен құзыреттілігіне қойылатын талаптар) халықаралық стандартымен бірдей.

ISO 15189:2022 халықаралық стандартты ISO/TC 212 «Клиникалық зертханалық сынақтар және зертханалық диагностикалық сынау жүйелері» техникалық комитеті әзірледі.

Ағылшын тілінен (en) аударылған.

Соның негізінде осы ұлттық стандарт әзірленген және оларға сілтемелер берілген халықаралық стандарттың ресми даналары Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында бар.

«Нормативтік сілтемелер» бөлімінде және стандарттың мәтінде сілтемелік халықаралық стандарттар өзектендірілген.

Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндер ресми нұсқа болып табылады.

Стандарттардың (мемлекетаралық) сілтемелік халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер В.А. қосымшасында келтірілген.

Сәйкестік дәрежесі бірдей (IDT)

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» 2000 жылғы 7 маусымдағы N 53-II Заңының нормалары іске асырылды

5 ҚР СТ ISO 15189-2015 «Медициналық зертханалар. Сапасы мен құзыреттілігіне қойылатын талаптар» **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі құжаттар» ақпараттық каталогінде, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні мерзімді басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық каталогінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарландыру мерзімді басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектегіп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Кіріспе

Осы стандарттың мақсаты – пациенттердің әл-ауқаты және зертханаларды пайдаланушылардың медициналық зертханалардың сапасы мен құзыреттілігіне сенімділігіне қанағаттануы.

Осы стандарт медициналық зертханаға жақсарту тәуекелдері мен мүмкіндіктеріне қатысты іс-шараларды жоспарлау және іске асыру бойынша қойылатын талаптарды қамтиды. Бұл тәсілдің артықшылықтарына мыналар жатады: менеджмент жүйесінің нәтижелілігін арттыру, дұрыс емес нәтижелерді алу ықтималдығын төмендету және пациенттерге, зертхана персоналына, халыққа және қоршаған ортаға ықтимал зиянды азайту.

Тәуекелдерді басқаруға қойылатын талаптар ISO 22367 стандартының қағидаттарына сәйкестендірілген.

Зертханалардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар ISO 15190 стандартының қағидаттарына сәйкестендірілген.

Сынамаларды іріктеуге және тасымалдауға қойылатын талаптар ISO 20658 стандартына сәйкестендірілген.¹

Осы стандарт емдеу орны бойынша зерттеуге қойылатын талаптарды (POCT) қамтиды және осы стандарт жарияланғаннан кейін жойылатын ISO 22870 алмастырады.

Осы стандарттың форматы ISO/IEC 17025:2017 стандартына негізделген.

Медициналық зертханалар пациенттерге көмек көрсетуде маңызды рөл атқарады; олардың қызметі медициналық қызмет көрсетушілердің пациент алдындағы міндеттемелерін мойындайтын басшылыққа алынатын нұсқаулар мен этика шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл әрекеттердің барлығы барлық пациент пен осы пациенттерге күтім жасауға жауапты персоналдың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін уақытылы жасалады. Аталған қызмет зерттеулерге өтінімдерді ұйымдастыруды, пациенттерді дайындауды, пациенттерді сәйкестендіруді, сынамалар алуды, пациенттердің сынамаларын өңдеуді, тасымалдауды, мақсатына сай пайдалануға жарамды зерттеулерді іріктеуді, сынамаларды зерттеуді, сынамаларды сақтауды, сондай-ақ кейіннен түсіндіруді, нәтижелерді хабарлауды және зертхана пайдаланушыларына кеңес беруді қамтиды. Ол сондай-ақ пациентке нәтижелер беруді, шұғыл зерттеуді ұйымдастыруды және маңызды нәтижелер туралы хабарландыруды қамтуы мүмкін.

Осы стандарт қазіргі уақытта көпшілікке танылған зертханалық медицинаның барлық пәнінде қолдануға арналғандықтан оны диагностикалық визуализациялау, тыныс алу терапиясы, физиология ғылымдары, қан банктері және қан құю қызметтері сияқты басқа медициналық қызметтерде де тиімді қолдануға болады.

Осы стандартты пайдалану медициналық зертханалар мен денсаулық сақтаудың басқа салалары арасындағы ынтымақтастықты жеңілдетеді, ақпарат алмасуға, сондай-ақ әдістер мен процедураларды үйлестіруге көмектеседі.

Қалаға немесе елге қарамастан, медициналық зертханалар арасындағы пациенттерді тексеру нәтижелерінің салыстырмалылығы, егер медициналық зертханалар осы стандартқа сәйкес келсе, жеңілдейді.

Зертхана аккредиттелген кезде, ол ISO/IEC 17011-ге сәйкес жұмыс істейтін және медициналық зертханалардың ерекше талаптарын ескеретін аккредиттеу органын таңдауы керек.

Салыстырмалы кестелер В және С қосымшасында берілген.

1) Бірінші басылым дайындалуда (алдыңғы басылым Техникалық ерекшелік болған еді). Жариялану сәтіндегі кезеңі: ISO/DIS 20658:2022.



ҚР СТ ISO 15189-2023

Мазмұны

Кіріспе	
1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	1
4 Жалпы талаптар	8
5 Құрылымға және басқаруға қойылатын талаптар	9
6 Ресурстарға қойылатын талаптар	12
7 Зерттеу процестеріне қойылатын талаптар	21
8 Менеджмент жүйесінің талаптары	37
А қосымшасы (ақпараттық) Емдеу орны бойынша зерттеуге қойылатын қосымша талаптар (РОСТ)	45
В қосымшасы (ақпараттық) ISO 9001 мен осы стандартты салыстыру	467
С қосымшасы (ақпараттық) ISO 15189 бен осы стандартты салыстыру	578
Библиография	645
В.А қосымшасы (ақпараттық) Стандарттардың сілтемелік халықаралық, өңірлік стандарттарға, шет мемлекеттердің стандарттарына сәйкестігі туралы мәліметтер	68



Медициналық зертханалар

САПАСЫ МЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Енгізілген күні 24-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт медициналық зертханалардың сапасы мен құзыреттілігіне қойылатын талаптарды белгілейді.

Медициналық зертханалар осы стандартты сапа менеджментінің жүйелерін дамыту және өзінің құзыреттілігін бағалау үшін пайдалана алады. Осы стандартты сондай-ақ медициналық зертханалардың құзыреттілігін растау немесе мақұлдау үшін зертханалардың пайдаланушылары, уәкілетті мемлекеттік органдар және аккредиттеу жөніндегі органдар қолдана алады.

Осы стандарт сонымен қоса емдеу орындары бойынша зерттеулерге (РОСТ) қолданылады.

Ескертпе – Халықаралық, ұлттық немесе өңірлік ережелер немесе талаптар сондай-ақ осы стандартпен байланысты жекелеген аспектілерге қолданылуы мүмкін.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін стандарттау бойынша келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Күні көрсетілген сілтемелер үшін стандарттау жөніндегі сілтемелік құжаттың тек көрсетілген басылымы қолданылады. Күні көрсетілмеген сілтемелер үшін стандарттау жөніндегі сілтемелік құжаттың соңғы басылымы (оның барлық өзгерісін қоса алғанда) қолданылады.

ISO/IEC Guide 99:2007 International vocabulary of metrology - Basic and general concepts and associated terms (VIM) (Метрология жөніндегі халықаралық сөздік. Негізгі және жалпы ұғымдар және тиісті терминдер (VIM)).

Ескертпе - ISO/IEC Guide 99 сондай-ақ the Joint Committee for Guides in Metrology (JCGM) 200 ретінде белгілі.

ISO/IEC 17000:2020 Conformity assessment - Vocabulary and general principles (Сәйкестікті бағалау – Сөздік және жалпы қағидаттар).

ISO/IEC 17025:2017 General requirements for the competence of testing and calibration laboratories (Сынау және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар).

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ISO/IEC Guide 99 және ISO/IEC 17000 бойынша терминдер қолданылады.

Ресми басылым



ҚР СТ ISO 15189-2023

Ескертпе – ISO және IEC деректерінің терминологиялық базалары мына интернет-адресер бойынша қолжетімді:

- ISO онлайн платформасы: <http://www.iso.org/obp>;
- IEC «электрондығысы»: <http://www.electropedia.org/>.

3.1 Ығысу (bias)

Өлшемнің ығысуы (measurement bias): Өлшемнің жүйелік қателігін бағалау.

Ескертпелер

- 1 Бұл анықтама тек сандық өлшемдерге ғана қолданылады.
- 2 ISO/IEC Guide 99:2007, 2.18-ден алынды, өзгертілді – анықтамаға ескертпе қосылды.

3.2 Биологиялық референттік интервал (biological reference interval): Биологиялық референттік популяцияда алынған бастапқы мәндерді бөлудің белгілі бір интервалы.

Ескертпелер

1 Референттік интервалды әдетте орталық 95%-дық интервал ретінде белгілейді. Референттік интервалдың асимметриялы окшаулануы (асимметриялы орналасуы) немесе басқа өлшемі жекелеген жағдайларға сәйкес келуі мүмкін.

2 Референттік интервал бастапқы үлгінің (3.25) типіне және қолданылатын зерттеу шарасына (3.9) байланысты болуы мүмкін.

3 Кейбір жағдайларда тек бір биологиялық референттік шек (әдетте жоғарғы – «X») қана маңызды, осылайша тиісті биологиялық референттік интервал «X»-тен кем немесе соған тең болады.

4 «Қалыпты диапазон», «қалыпты мәндер» және «клиникалық диапазон» сияқты терминдер белгіленбеген болып табылады, сондықтан қолдануға ұсынылмайды.

- 5 ISO 18113-1:2022, 3.1.9-дан алынды, өзгертілді – Мысал алынып тасталды.

3.3 Клиникалық шешімнің шегі (clinical decision limit): Қолайсыз клиникалық нәтижелердің жоғарылау қаупін көрсететін немесе белгілі бір аурудың болуы үшін диагностикалық болып табылатын зерттеу (3.8) нәтижесі.

Ескертпелер

- 1 Дәрілік препараттарға арналған клиникалық шешімнің шектері «терапевтік диапазон» деп аталады.
- 2 Клиникалық шешімнің шегі аурудың қаупін анықтау үшін, диагностика үшін немесе емдеу үшін қолданылады.

3.4 Материалдың коммутативтілігі (commutability of a reference material): Эталондық материалдың берілген екі өлшеу әдістемесімен алынған осы материалдағы белгілі бір шаманы өлшеу нәтижелері арасындағы қатынастың басқа белгіленген материалдар үшін алынған нәтижелердің сондай арақатынасына жақындығымен көрсетілетін қасиеті.

Ескертпелер

1 Қарастырылып отырған эталондық материал әдетте калибратор болып табылады, ал басқа белгіленген штаттық материалдар қарапайым үлгілер болып табылады.

2 Әдетте екі өлшеу әдістемесі қолжетімді болғандықтан, пайдаланылатын барлық өлшеу әдістемесін салыстырған жөн.

3 Өлшеу нәтижелері сәйкестігінің жақындығы референттік материалдың нысаналы мақсатына сәйкес мақсатқа өлшем сәйкестігі тұрғысынан анықталады.

- 4 Коммутативтілік туралы мәлімдеме нақты салыстыруда көрсетілген өлшеу шараларымен шектеледі.

- 5 ISO 17511:2020 3.10-нан алынды, өзгертілді – 2-ескертпе жаңа 2-ескертпемен алмастырылды.

3.5 Құзыреттілік (competence): Межеленген нәтижелерге қол жеткізу үшін білім мен дағдыларды қолданудың көрсетілген қабілеті.



Ескертпе – ISO/IEC 17021-1:2015, 3.7-ден алынды, өзгертілді – анықтаманың басына «көрсетілген» сөзі қосылды.

3.6 Шағым (complaint): Кез келген адамның немесе ұйымның жауап күтілетін осы зертхананың қызметіне немесе нәтижелеріне қатысты зертханаға (3.20) наразылық білдіруі.

Ескертпе – ISO/IEC 17000:2020, 8.7-ден алынды, өзгертілді – «апелляциядан басқа» сөздері алынып тасталды, ал «сәйкестікті бағалау жөніндегі орган немесе осы органның қызметіне қатысты аккредиттеу жөніндегі орган» сөздері «осы зертхананың қызметіне немесе нәтижелеріне қатысты зертхана» сөздеріне ауыстырылды.

3.7 Кеңесші (consultant): Кәсіби түрде сараптамалық кеңестер беретін тұлға.

3.8 Зерттеу (examination): Нысаны қасиеттер мәнін немесе сипаттамаларын анықтау болып табылатын операциялар кешені.

Ескертпелер

1 Зерттеу мәнді немесе сипаттаманы анықтау үшін қажет бірқатар әрекеттер, бақылаулар немесе өлшемдер жиынтығы болуы мүмкін.

2 Қасиеттің сандық мәнін анықтайтын зертханалық зерттеулер «сандық зерттеулер» деп аталады; қасиеттің сипаттамаларын анықтайтын зертханалық зерттеулер «сапалық зерттеулер» деп аталады.

3 Зертханалық зерттеулерді көбіне «талдаулар» немесе «тесттер» деп атайды.

3.9 Зерттеу шарасы (examination procedure): Көрсетілген әдіске сәйкес зерттеу (3.8) жүргізу кезінде қолданылатын операциялардың нақты сипатталған жинағы.

Ескертпелер

1 in vitro диагностикасы үшін медициналық бұйымдар саласында және in vitro диагностикасы үшін медициналық бұйымдарды пайдаланатын көптеген зертханаларда биологиялық үлгідегі талданатын затты зерттеу шарасы әдетте талдамалы әдіс, талдамалы шара немесе зерттеу әдісі деп аталады.

2 ISO 15198:2004, 3.7-ден алынды, өзгертілді – «нақтылап сипаттаған операциялар жинағы» сөздері «нақты сипатталған операциялар жинағы» сөздеріне ауыстырылды.

3.10 Сапаны сыртқы бағалау (external quality assessment): Зертханааралық салыстырулар арқылы алдын ала белгіленген өлшемшарттар бойынша қатысушылардың жұмысын бағалау.

Ескертпелер

1 Сондай-ақ біліктілікті тексеру (proficiency testing, PT) ретінде белгілі

2 ISO/IEC 17043:2010-нан алынды, 3.7 өзгертілді – Анықтамаға 2-ескертпеде келтірілген «сапаны сыртқы бағалау» термині негізгі термин ретінде пайдаланылады. 1 және 2-анықтамаға ескертпелер алынып тасталды, анықтамаға жаңа 1-ескертпе қосылды.

3.11 Бейтараптық (impartiality): Медициналық зертхана (3.20) орындайтын тапсырмалардың нәтижелеріне қатысты объективтілік.

Ескертпелер

1 Объективтілікті бейтараптықтан немесе мүдделер қақтығысынан еркіндік деп түсінуге болады.

2 Бейтараптық элементін беру үшін қолданған пайдалы болатын басқа терминдерге «тәуелсіздік», «жалған сенімнің жоқтығы», «бейтараптық», «әділеттілік», «ашық көзқарас», «тең қатынас», «бойын аулақ салу», «теңгерім» жатады.

3 ISO/IEC 17000:2020-дан алынды, 5.3 өзгертілді – «сәйкестікті бағалау бойынша қызмет нәтижесі» сөз тіркесі «медициналық зертхана орындайтын тапсырмалар» сөз тіркесіне ауыстырылды. Анықтамаға 2-ескертпе қосылды.



ҚР СТ ISO 15189-2023

3.12 Зертханааралық салыстыру (interlaboratory comparison): Бірдей немесе ұқсас материалдардың өлшемдерін немесе зерттеулерін (3.8) екі не одан көп тәуелсіз зертхананың алдын ала белгіленген шарттарға сәйкес ұйымдастыруы, орындауы және бағалауы.

Ескертпе – ISO/IEC 17043:2010 3.4-тен алынды, өзгертілді – «сынақтар» сөзі «зерттеулер» сөзіне ауыстырылды, «бұйымдар» сөзі «нысандар» сөзіне ауыстырылды, «зертханалар» сөзі «тәуелсіз зертханалар» болып өзгертілді.

3.13 Сапаны ішкі бақылау (internal quality control (IQC))

Сапаны бақылау (quality control (QC)): Жүйенің дұрыс жұмыс істеуін верификациялау және нәтижелер жеткілікті түрде сенімді және қызмет тұтынушыларына берілуі мүмкін екендігіне сенімді болу үшін зерттеу процесін бақылаудың ішкі шарасы.

Ескертпе – ISO/TS 22583:2019 3.9-дан алынды, өзгертілді – «шешу» сөзі «верификациялау» сөзіне ауыстырылды. Анықтамаға 1-ескертпе алынып тасталды.

3.14 in vitro диагностикасына арналған медициналық бұйым (in vitro diagnostic medical device):

IVD медициналық бұйымы (IVD medical device): Дайындаушы адам ағзасынан алынған in vitro үлгілерін зерттеуге арналған, тек қана немесе негізінен диагностика, мониторинг немесе үйлесімділік мақсатында ақпарат беру үшін, реагенттерді, калибраторларды, бақылау материалдарын, үлгілерге арналған контейнерлерді, бағдарламалық жасақтаманы және тиісті құралдарды, аппараттарды немесе басқа бұйымдарды қоса алғанда, жеке немесе басқа да бұйымдармен бірге пайдаланылатын бұйым.

Ескертпе – ISO 18113-1:2022, 3.1.33-тен алынды, өзгертілді – «медициналық» сөзі анықтамадан алынып тасталды. Анықтаманың соңына «реагенттерді, калибраторларды, бақылау материалдарын, үлгілерге арналған контейнерлерді, бағдарламалық жасақтаманы және тиісті құралдарды, аппараттарды немесе басқа бұйымдарды қоса алғанда» сөздері қосылды. Анықтамаға 1 және 2-ескертпелер алынып тасталды.

3.15 Зертхана басшылығы (laboratory management): Зертханаға (3.20) қатысты жауапкершілік алған және өкілеттіктер берілген тұлға (тұлғалар).

Ескертпелер

1 Зертхана басшылығы өкілеттіктер беруге және зертхананы ресурстармен қамтамасыз етуге құқылы.
2 Зертхана басшылығы зертхана басшысын (басшыларын), уәкілетті тұлғаларды, сондай-ақ зертхана қызметінің сапасын қамтамасыз ету үшін арнайы тағайындалған тұлғаларды қамтиды.

3.16 Зертхана пайдаланушысы (laboratory user): Медициналық зертхананың (3.20) қызметтерін сұрататын жеке немесе заңды тұлға.

Ескертпе - Пайдаланушылар пациенттер, дәрігерлер, сондай-ақ үлгілерді зерттеуге жіберетін басқа зертханалар немесе мекемелер болуы мүмкін.

3.17 Менеджмент жүйесі (management system): Осы мақсаттарға жету үшін саясатты, мақсаттарды және процестерді әзірлеу үшін ұйымның өзара байланысты немесе өзара әрекеттесетін элементтерінің жиынтығы.

Ескертпелер

1 Бұрын айтылған және «сапа менеджменті жүйесінің» синонимі болып табылады.

2 Менеджмент жүйесінің элементтері осы мақсаттарға жету үшін ұйымның құрылымын, рөлдері мен міндеттерін, жоспарлауын, жұмыс істеуін, саясатын, тәжірибесін, ережелерін, көзқарастарын, мақсаттары мен процестерін белгілейді.

3 ISO 9000:2015-тен алынды, 3.5.3 өзгертілді – Анықтамаға 1, 3 және 4-ескертпелер алынып тасталды, анықтамаға жаңа 1-ескертпе қосылды.

3.18 Өлшем дәлдігі (дәлдік) (measurement accuracy): Өлшенетін заттың шамасының өлшенген мәні мен шамасының шынайы мәні арасындағы жақындық.

Ескертпелер

1 «Өлшеу дәлдігі» ұғымы шама емес және сандық мәні жоқ. Егер ол өлшеудің аз олқылығын беретін болса, өлшеу дәлірек деп саналады.

2 «Өлшеу дәлдігі» термині өлшемдердің дұрыстығын белгілеу үшін пайдаланылмауы керек, ал «өлшеудің қайталанушылығы» термині «өлшеу дәлдігін» белгілеу үшін пайдаланылмауы керек, бірақ бұл екі ұғыммен де байланысты.

3 «Өлшеу дәлдігі» кейде өлшенетін шамаға жатқызылатын шаманың өлшенген мәндері арасындағы жақындық деп түсініледі.

4 ISO/IEC Guide 99:2007, 2.13-тен алынды.

3.19 Өлшемдердің белгісіздігі (measurement uncertainty (MU)): Пайдаланылатын ақпарат негізінде өлшенетін шамаға жазылатын шама мәндерінің шашырауын сипаттайтын теріс емес параметр.

Ескертпелер

1 MU эталондар шамаларының белгіленген мәндеріне енгізілген түзетулер жағдайындағыдай жүйелі әсерлер нәтижесінде туындайтын компоненттерді қамтиды. Кейде бағаланған жүйелі әсерлер түзетілмейді, оның орнына олармен байланысты MU компоненттері қосылады.

2 Мысалы, стандартты MU (немесе берілген оның еселігі) деп аталатын стандартты ауытқу (SD) немесе берілген қамту ықтималдығы бар интервалдың жарты ені параметр бола алады.

3 MU әдетте көптеген компоненттен тұрады. Олардың кейбіреулері өлшемдер сериясындағы шамалар мәндерінің статистикалық таралуы негізінде MU бағалаудың А типі бойынша бағалануы мүмкін және SD-мен сипатталуы мүмкін. MU бағалаудың В типі бойынша бағалануы мүмкін басқа компоненттер SD-мен сипатталуы немесе тәжірибе не басқа ақпарат негізінде ықтималдық тығыздығының функциялары бойынша бағалануы мүмкін.

4 Жалпы, берілген ақпарат жинағы үшін MU өлшенетін шамаға берілген белгіленген сандық мәнмен байланысты дегенді білдіреді. Бұл мәнді өзгерту онымен байланысты белгісіздіктің өзгеруіне әкелуі мүмкін.

5 Барлық өлшемде ығысу (3.1) және дәлсіздік болады. Мысалы, қайталану жағдайында орындалған сынамаңы қайта өлшеу әдетте бір өлшенетін зат үшін әртүрлі мәндер береді. Әртүрлі мәндер өлшенетін заттың бірдей мөлшеріне негізделуі мүмкін болғандықтан, есептілікте қандай мән өлшенетін заттың саны ретінде көрсетілуі керек екендігіне қатысты белгісіздік бар.

6 Осы өлшеу шарасының талдамалы сипаттамалары туралы қолда бар деректер негізінде MU бағалау көрсетілген сенім деңгейімен өлшенетін шаманың нақты мәнін қамтитын мәндер интервалын қамтамасыз етеді.

7 Берілген өлшеу шарасының талдамалы сипаттамалары туралы қолда бар деректер әдетте калибратордың белгіленген мәндерінің белгісіздігін және IQC материалдарының ұзақмерзімді дәлсіздігін қамтиды.

8 Медициналық зертханаларда өлшемдердің көпшілігі бір рет орындалады және өлшенетін шаманың мәнін қолайлы бағалау ретінде қабылданады, ал MU интервалы ықтимал болып табылатын басқа нәтижелерді көрсетеді.

9 ISO/IEC Guide 99:2007 2.26-дан алынды, өзгертілді – ISO/TS 20914:2019 3.26-дағы 5-8-анықтамаларға ескертпелер қосылды.

10 Өлшеу нәтижесімен байланысты және негізделген түрде өлшенетін шамаға жазылуы мүмкін мәндердің шашырауын сипаттайтын параметр [Қазақстан Республикасының «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» 2000 жылғы 7 маусымдағы № 53-ІІ Заңынан (19.04.2023 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) алынды]

ҚР СТ ISO 15189-2023

3.20 Медициналық зертхана (medical laboratory): Ауруларды диагностикалау, алдын алу және емдеу, сондай-ақ денсаулық жағдайын бағалау үшін ақпарат алу мақсатында биологиялық материалдарды зерттеуді (3.8) жүргізетін ұйым.

Ескертпелер

1 Зертхана зертханалық зерттеулердің барлық аспектісіне қатысты нәтижелерді түсіндіріп, әрі қарай зерттеулерді ұсынып, консультациялық көмек көрсете алады.

2 Зертханалық қызметке талдауға дейінгі процестер (3.24), зерттеу (3.8) және талдаудан кейінгі процестер (3.23) кіреді.

3 Зерттеуге (3.8) арналған материалдар материалдың микробиологиялық, иммунологиялық, биохимиялық, иммуногематологиялық, гематологиялық, биофизикалық, цитологиялық, генетикалық түрлерін, сондай-ақ тіндер мен жасушаларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

3.21 Пациент (patient): Зерттеу (3.8) үшін материал көзі болып табылатын тұлға.

3.22 Емдеу орны бойынша зерттеу; (POCT) (point-of-care testing): Пациенттің (3.21) жанында немесе оның тікелей орналасқан жерінде орындалатын зерттеу (3.8).

Ескертпе - ISO/TS 22583:2019, 3.11-ден алынды.

3.23 Талдаудан кейінгі процестер (post-examination processes): Нәтижелерді тексеруді, биологиялық материалды сақтауды және қорғауды, сынаманы (3.25) және қалдықтарды жоюды, зерттеу нәтижелерін форматтауды, түсіндіруді, ресімдеуді және беруді, және оларды сақтауды қамтитын зерттеуден (3.8) кейін жүретін процестер.

3.24 Талдауға дейінгі процестер (pre-examination processes): Пайдаланушы сұратқан сәттен бастап хронологиялық тәртіппен басталатын және зерттеу (3.8) басталған сәтте аяқталатын, зерттеу (3.8) жүргізуге сұратуды, пациентті (3.21) дайындауды және сәйкестендіруді, бастапқы сынаманы (3.25) алуды, зертханаға және зертхананың (3.20) ішінде тасымалдауды қамтитын процестер.

3.25 Бастапқы сынама, үлгі (primary sample): Бүтіннің қасиеттерін анықтау үшін бір немесе бірнеше шаманы немесе сипаттаманы зерттеуге (3.8 қараңыз), зерделеуге немесе талдауға алынған, адамның денесімен байланысты ағза сұйықтығының, тіннің немесе басқа үлгінің дискретті бөлігі.

Ескертпелер

1 Медициналық бұйымдарды тіркеу органдарының халықаралық форумы (IMDRF) *медициналық зертханада* (3.20) зерттеуге арналған биологиялық сынаманы белгілей отырып, үйлестіру жөніндегі басшылыққа алынатын нұсқаулықтағы «сынама» терминін қолданады.

2 ISO 18113-1:2022, 3.1.65-тен алынды, өзгертілді – Анықтамаға 1-ескертпе өзгертілді. Анықтамаға 2-ескертпе алынып тасталды.

3.26 Сапа индикаторы (quality indicator): Қасиеттік сипаттамалар жинағының белгілі бір талаптарға сәйкестік дәрежесін өлшеу шамасы.

Ескертпелер

1 Шама, мысалы, қол жеткізілген % (белгіленген талаптар шегіндегі %), ақаулар % (белгіленген талаптардан тыс %), миллион жағдайға шаққандағы ақаулар саны (DPMO) ретінде немесе Алты сигма шәкілі бойынша көрсетіле алады.

2 Сапа индикаторлары ұйымның пайдаланушылардың қажеттіліктерін қаншалықты жақсы қанағаттандыратынын, сондай-ақ барлық операциялық процестің сапаға сәйкестігін бағалай алады.

3.27 Көмекші (қосалқы мердігер) зертхана (referral laboratory): Зерттеуге (3.8) арналған үлгі немесе деректер жіберілетін сыртқы зертхана (3.20).

Ескертпелер

1 Көмекші зертхана – басшылық зерттеу жүргізу үшін өз зертханасынан үлгіні немесе үлгінің бір бөлігін, сондай-ақ күрделі зерттеулерді жүргізу мүмкін болмаған жағдайда деректерді талдау немесе түсіндіру үшін жіберуге шешім қабылдайтын зертхана.

2 Үлгілерді беру регламент бойынша талап етілетін зертханадан немесе, мысалы, қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы, сот-медициналық сараптама және ісіктер тізіліміне арналған референттік зертханадан немесе белгіленген регламентке сәйкес үлгілерді беру талап етілетін орталық (бас) мекемеден ерекшеленеді.

3.28 Биологиялық материал (sample): Бастапқы үлгіден (3.25) алынған бір немесе бірнеше бөлік.

3.29 Дұрыстық (trueness):

Өлшемнің дұрыстығы (measurement trueness): Өлшенген шаманың қайталанатын мәндерінің үлкен санының орташа мәні мен шаманың референтті мәні арасындағы жақындық.

Ескертпелер

1 Өлшемдердің дұрыстығы шама емес, сондықтан оны сандық түрде көрсету мүмкін емес, бірақ келісімділік дәрежесінің көрсеткіштері ISO 5725-1-де келтірілген.

2 Өлшемдердің дұрыстығы өлшеудің жүйелік қателігіне кері пропорционал, бірақ кездейсоқ өлшеу қателігімен байланысты емес.

3 «Өлшемдер дәлдігі» «өлшемдер дұрыстығы» термині ретінде қолданылмауы керек.

4 Сапалы зерттеулер үшін өлшемнің дұрыстығын (жақындығын) сәйкестік (яғни референттік зерттеумен пайыздық сәйкестік) терминдерімен көрсетуге болады.

5 Дұрыстық – өлшемдердің күтілетін немесе нысаналы мәннен ығысуын (3.1) көрсететін зерттеу шарасының (3.9) қасиеті. Ол сапалы түрде жақсы немесе жаман деп сипатталады. Зерттеу шарасы (3.9) өлшемдердің ығысуы (3.1) шамалы болса, жақсы дұрыстыққа ие болады.

6 ISO/IEC 99:2007, 2.14-тен алынды, өзгертілді – 4 және 5-анықтамаға ескертпелер қосылды.

3.30 Орындау уақыты (turnaround time): Талдауға дейінгі (3.24), талдамалы (3.8) және талдаудан кейінгі процестерді (3.23) қамтитын екі белгіленген цикл арасындағы уақыт кезеңі.

3.31 Валидация (validation): Белгілі бір талаптар орындалғанын білдіретін объективті дәлелдерді беру арқылы мақсаты бойынша пайдалануға жарамдылығын растау.

Ескертпелер

1 Валидация одан әрі пайдалану кезінде мақсаты бойынша пайдалануға қатысты мәлімделген ақпаратты растау үшін қолданылуы мүмкін.

2 Объективті дәлелдемелерді бақылау, өлшеу, сараптама жасау жолымен немесе басқа тәсілдермен алуға болады.

3 «Валидацияланған» термині тиісті мәртебені белгілеу үшін қолданылады.

4 Зерттеу әдісіне белгіленген талаптар мынадай техникалық сипаттамаларды қамтуы мүмкін: өлшемдердің дұрыстығы, өлшемдердің дәлдігі, өлшеудің қайталануы мен өлшемдердің аралық дәлдігін, интерференциялық заттардың әсерін қоса алғанда, талдамалы ерекшелік, анықтау шегі және сандық анықтау шегі, өлшемдер диапазоны, клиникалық маңыздылық, диагностикалық ерекшелік және диагностикалық сезімталдық.

5 ISO/IEC 17000:2020, 6.5-тен алынды, өзгертілді – анықтамаға 1 – 3-ескертпелер қосылды.



ҚР СТ ISO 15189-2023

3.32 Верификация (verification): Белгіленген талаптар орындалғанын білдіретін объективті дәлелдерді беру арқылы ақиқаттықты растау.

Мысалдар

- 1 Өлшеу жүйесінің техникалық сипаттамаларына қол жеткізілгенін растау.
- 2 Өлшеудің нысаналы олқылығына қол жеткізуге болатындығын растау.

Ескертпелер

1 Верификация – зертхана өлшеу жүйесінің сипаттамаларына қойылатын белгіленген талаптарды (мысалы, жаңғыртылушылық, дәлдік, өлшемдердің мәлімделген диапазоны) адам үлгісін зерттеуді жүргізбес бұрын зертханада жаңғыртуға болатындығын растайтын процесс.

2 Инспекция нәтижелері немесе балама есептеулер жүргізу немесе құжаттарды зерттеу сияқты анықтаманың басқа нысандары верификацияға қажетті объективті дәлелдер болуы мүмкін.

3 Егер зерттеу (3.8) жүргізіліп, қаптамаға қоса берілетін қосымшада көрсетілген тәртіпте қолданылған жағдайларда верификация жаңа IVD құрылғысын енгізу үшін жеткілікті болуы мүмкін.

4 «Верификацияланған» термині тиісті мәртебені белгілеу үшін қолданылады.

5 ISO/IEC 17000:2020-дан алынды, 6.6 өзгертілді – 1 және 2-мысалдар қосылды. 1 – 4-анықтамаға ескертпелер қосылды.

4 Жалпы талаптар

4.1 Бейтараптық

a) Зертханалық қызмет бейтарап жүзеге асырылуы, сонымен қатар объективтілікті қамтамасыз ететіндей құрылымдалуы және басқарылуы керек.

b) Зертхана басшылығы бейтараптық бойынша міндеттемелер қабылдауы керек.

c) Зертхана өзінің зертханалық қызметінің бейтараптығы үшін жауап беруі керек және бейтараптыққа қауіп төндіретін коммерциялық, қаржылық немесе басқа қысымға жол бермеуі керек.

d) Зертхана өзінің бейтараптық қатерлерін анықтау мақсатында өз қызметі мен қарым-қатынастарына мониторинг жүргізуі тиіс. Бұл мониторинг оның персоналының өзара қарым-қатынастарын қамтуы керек.

Ескертпе - Зертхананың бейтараптығына қауіп төндіретін қатынастар меншік құқығына, басқаруға, басшылыққа, персоналға, жалпы ресурстарға, қаржыға, шарттарға, маркетингке (брендингті қоса алғанда) және комиссиялық төлемдерге немесе жаңа тапсырыс берушілерге қатысты ынталандырудың басқа да түрлеріне және т. с. с. негізделуі мүмкін. Мұндай қатынастар зертханаға бейтараптық қауіпін міндетті түрде төндіре бермейді.

e) Егер бейтараптық қауіпі анықталса, бейтараптыққа қауіп төндірмеу үшін оның салдары жойылуы немесе азайтылуы керек. Зертхана мұндай қауіптің ықтималдығын қандай тәсілмен төмендететінін көрсете алуы керек.

4.2 Құпиялылық

4.2.1 Ақпаратты басқару

Зертхана, заңды түрде бекітілген келісімдерге сәйкес, зертханалық қызметті жүзеге асыру процесінде алынған немесе құрылған пациент туралы барлық ақпаратты басқаруға жауапты болады. Пациент туралы ақпаратты реттеу дербестік пен құпиялылықты қамтуы керек. Зертхана пайдаланушыларға және/немесе пациентке ашық қолжетімділікте жариялауға ниетті ақпарат туралы алдын ала хабарлауы керек. Пайдаланушы және/немесе пациент көпшілікке қолжетімді ететін ақпаратты қоспағанда немесе зертхана мен пациент



арасындағы келісім бойынша (мысалы, шағымдарға жауап беру мақсатында) барлық басқа ақпарат жеке және құпия ақпарат болып саналады.

4.2.2 Ақпаратты жария ету

Зертхана құпия ақпаратты жария етуге заң бойынша міндетті немесе келісімшарттық келісімдерге байланысты өкілетті болған жағдайда, егер заңмен тыйым салынбаған болса, мүдделері қозғалатын пациентке ақпаратты ашу туралы хабарлануы қажет.

Пациенттен басқа көзден (мысалы, өтініш берушіден, уәкілетті органнан) алынған пациент туралы ақпаратты зертхана құпия ретінде сақтауы керек. Дереккөзді сәйкестендіруді зертхана құпияда ұстауы керек және, егер бұл дереккөзбен келісілмесе, пациентке хабарланбауы керек.

4.2.3 Персоналдың жауапкершілігі

Комиссиялардың кез келген мүшелерін, мердігерлерді, зертханалық ақпаратқа қол жеткізе алатын және зертхана атынан әрекет ететін сыртқы органдардың қызметкерлерін немесе жеке тұлғаларды қоса алғанда, персонал зертханалық қызмет барысында алынған немесе жасалған барлық ақпараттың құпиялылығын сақтауы керек.

4.3 Пациенттерге қойылатын талаптар

Зертхана басшылығы пациенттердің әл-ауқатының, қауіпсіздігінің және құқықтарының ең жоғары басымдыққа ие болуын қамтамасыз етуі керек. Зертхана келесі процестерді әзірлеп, енгізуі керек:

a) пациенттер мен зертхана пайдаланушыларына зертханаға зерттеу әдістерін таңдауға және зерттеу нәтижелерін түсіндіруге көмектесетін пайдалы ақпарат беру мүмкіндігі;

b) пациенттер мен пайдаланушыларға зерттеу процесі, оның ішінде, қажет болған жағдайда, құны және нәтижені алу мерзімі туралы жалпыға қолжетімді ақпарат беру;

c) клиникалық тұрғыдан қолайлы және қажет екеніне көз жеткізу үшін зертхана ұсынатын зерттеулерді ауық-ауық қайта қарау;

d) қажет болған жағдайда пациенттерге, пайдаланушыларға және кез келген басқа тиісті адамдарға пациентке зиян келтірген немесе зиян келтіруі мүмкін жағдайлар туралы ақпаратты ашу, сондай-ақ мұндай зиянды азайту үшін жасалған әрекеттер туралы жазбаларды беру;

e) пациенттерді, үлгілерді немесе үлгілердің қалдықтарын тиісті назар аударып отырып қарау;

f) қажет болған кезде ақпараттандырылған келісім алу;

g) зертханалар жабылған, сатып алынған немесе біріктірілген жағдайда пациенттердің сақталған үлгілері мен жазбаларының тұрақты қолжетімділігі мен тұтастығын қамтамасыз ету;

h) пациентке және кез келген басқа медициналық қызметтер көрсетушіге пациенттің сұратуы бойынша немесе оның атынан әрекет ететін медициналық қызметтер көрсетушінің сұратуы бойынша тиісті ақпарат беру;

i) пациенттердің кемсітушіліксіз емделу құқықтарын сақтау.

5 Құрылымға және басқаруға қойылатын талаптар

5.1 Заңды тұлға

Зертхана немесе құрамына зертхана кіретін ұйым өз қызметі үшін заңды жауапкершілік алуы керек.



ҚР СТ ISO 15189-2023

Ескертпе - Осы стандарттың максаттары үшін мемлекеттік зертхана өзінің мемлекеттік мәртебесіне сәйкес заңды тұлға болып саналады.

5.2 Зертхана басшысы

5.2.1 Зертхана басшысының құзыреттілігі

Зертхананы, олардың лауазымының атауына қарамастан, осы стандарттың талаптарын орындау үшін қажетті біліктілігі, құзыреттілігі, өкілеттіктері, жауапкершілігі және ресурстары бар адам немесе адамдар басқаруға тиіс.

5.2.2 Зертхана басшысының жауапкершілігі

Зертхана басшысы пациент үшін тәуекелдердің жоспарлы түрде анықталуы және жойылуы және жақсарту үшін мүмкіндіктер туындауы үшін зертхана қызметінің барлық аспектісіне қатысты тәуекелдерді басқаруды қоса алғанда, менеджмент жүйесін енгізуге жауапты.

Зертхана басшысының өкілеттігі мен жауапкершілігі құжатталуы керек.

5.2.3 Міндеттерді табыстау

Зертхана басшысы не белгілі бір өкілеттіктерді, не олар үшін жауапкершілікті, не екеуін бірге білікті және құзыретті персоналға бере алады, мұндай табыстау құжатталуы тиіс. Сонымен бірге зертхана басшысы зертхананың жалпы қызметі үшін толық жауап береді.

5.3 Зертханалық қызмет

5.3.1 Жалпы ережелер

Зертхана негізгі орналасқан жерінен басқа жерлерде орындалатын жұмыстарды (мысалы, емдеу орны бойынша зерттеулер, үлгілерді жинау) қоса алғанда, осы стандартпен реттелетін зертханалық қызмет түрлерінің тізбесін айқындауы және құжаттауы тиіс. Зертхана тұрақты негізде сыртқы мердігерлерді тарта отырып, зертханалық қызметті қоспағанда, зертханалық қызмет түрлерінің құжатталған тізбесіне қатысты ғана осы құжатқа сәйкестігі туралы мәлімдеуге тиіс.

5.3.2 Талаптарға сай болу

Зертханалық қызмет осы стандарттың, пайдаланушылардың, ресми тануды қамтамасыз ететін ұйымдар мен уәкілеттік органдардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Бұл қызметтердің қай жерде көрсетілетініне қарамастан, зертханалық қызметтің белгілі және құжатталған түрлерінің барлық спектріне қатысты.

5.3.3 Кеңес беру қызметі

Зертхана басшылығы пациенттер мен пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын тиісті зертханалық ұсынымдар мен түсіндірулердің қолжетімділігін қамтамасыз етуі керек.

Зертхана қажет болған жағдайда келесі мәселелер бойынша зертхана пайдаланушыларымен коммуникация құру механизмдерін анықтауы керек:

- a) үлгінің талап етілетін типін, клиникалық көрсеткіштерді және зерттеу әдістерінің шектеулерін қоса алғанда, зерттеулерді таңдау және олардың қолданылу саласы бойынша консультациялар; сондай-ақ зерттеуді орындау кезеңділігі;
- b) зерттеу нәтижелерін түсіндіру бойынша кәсіби пайымдаулар шығару;
- c) зертханалық зерттеулерді тиімді пайдалануға жәрдемдесу;
- d) үлгінің (үлгілердің) жарамдылық өлшемшарттарына сәйкес келмеу жағдайлары сияқты ғылыми және логистикалық мәселелер бойынша консультациялар.

5.4 Құрылым және өкілеттіктер

5.4.1 Жалпы ережелер

Зертхана:

- a) өзінің ұйымдастырушылық және басқарушылық құрылымын, бас ұйымдағы орнын және басшылық, техникалық және көмекші қызметтер арасындағы қарым-қатынастарды анықтауы;
- b) зертханалық қызмет нәтижелеріне әсер ететін жұмыстарды басқарумен, орындаумен немесе тексерумен айналысатын барлық қызметкердің жауапкершілігін, өкілеттіктерін, ақпарат беру тәсілдерін және өзара қарым-қатынасын айқындауы;
- c) зертхананың келісілген қызметін және нәтижелердің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін өз шараларын қажетті көлемде нақтылауы қажет.

5.4.2 Сапа менеджменті

Зертханада басқа міндеттерге қарамастан, өз міндеттерін орындау үшін төмендегілерді қоса алғанда қажетті өкілеттіктер мен ресурстарға ие персонал болуы керек:

- a) менеджмент жүйесін енгізу, ұстап тұру және жақсарту;
- b) менеджмент жүйесінен немесе зертханалық қызметті жүргізу тәртібінен ауытқуларды анықтау;
- c) мұндай ауытқулардың алдын алу немесе азайту бойынша әрекеттерге бастама жасау;
- d) зертхана басшылығына менеджмент жүйесінің нәтижелілігі және оны жақсарту қажеттігі туралы есептер ұсыну;
- e) зертханалық қызметтің тиімділігін қамтамасыз ету.

Ескертпе - Бұл міндеттер бір немесе бірнеше адамға жүктелуі мүмкін.

5.5 Мақсаттар және саясат

- a) Зертхана басшылығы мыналар жүзеге асуы үшін мақсаттар мен саясатты (8.2 қараңыз) белгілеп, қолдауы керек:
 - 1) өз пациенттері мен пайдаланушыларының мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру;
 - 2) тиісті зертханалық тәжірибені ұстану;
 - 3) мақсатқа сәйкес зерттеулер жүргізу;
 - 4) осы стандарттың талаптарын сақтау.
- b) Зертхана саясатына сәйкес өлшенетін мақсаттар қою. Зертхана зертхананы ұйымдастырудың барлық деңгейінде мақсаттар мен саясаттың орындалуын қамтамасыз етуі керек.



ҚР СТ ISO 15189-2023

с) Олардың өзгерістерін жоспарлаған және іске асырған кезде менеджмент жүйесінің тұтастығын сақтауды қамтамасыз ету.

d) Талдауға дейінгі, талдамалы және талдаудан кейінгі процестердің барлық негізгі аспектілері бойынша жұмысты бағалау және қойылған мақсаттардың орындалуын бақылау үшін сапа көрсеткіштерін белгілеу (8.8.2 қараңыз).

Ескертпе - Сапа көрсеткіштерінің типтері алынған сынамалар санына қатысты жарамсыз сынамалар санын, сынамаларды тіркеу немесе алу кезіндегі қателер санын немесе екеуін де, түзетілген есептер санын, белгіленген орындау мерзімдеріне қол жеткізу жылдамдығын қамтиды.

5.6 Тәуекелдерді басқару

a) Зертхана басшылығы пациенттерге зиян келтіру қауіптерін және пациенттерге медициналық көмек көрсету кезінде зертхананың зерттеулерімен және басқа да қызметімен байланысты жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған процестерді белгілеуге, енгізуге және жұмыс жағдайында ұстауға, тәуекелдерді жоюға да, жақсарту мүмкіндіктерін іске асыруға да бағытталған шараларды әзірлеуге тиіс (8.5 қараңыз).

b) Зертхана басшысы осы процестердің нәтижелілігін бағалауды және егер олардың нәтижелі еместігі анықталса, оларға өзгерістер енгізуді қамтамасыз етуі тиіс.

Ескертпелер

1 ISO 22367 медициналық зертханаларда тәуекелдерді басқару жөніндегі жан-жақты ақпаратты қамтиды.

2 ISO 35001 зертханада биологиялық тәуекелдерді басқару туралы жан-жақты ақпаратты қамтиды.

6 Ресурстарға қойылатын талаптар

6.1 Жалпы ережелер

Зертханада өз қызметін орындау және басқару үшін қажетті персонал, үй-жайлар, жабдықтар, реагенттер, шығыс материалдары және көмекші қызметтер болуы тиіс.

6.2 Персонал

6.2.1 Жалпы ережелер

a) Зертханада өз қызметін жүзеге асыру үшін құзыретті персонал саны жеткілікті болуы тиіс.

b) Зертхананың зертхана қызметіне әсер етуі мүмкін тұрақты немесе жұмысқа тартылатын барлық персоналы әдептілік нормаларын сақтай отырып, бейтарап әрекет етуі, құзыретті болуы және зертхананы басқару жүйесіне сәйкес жұмыс істеуі тиіс.

Ескертпе - ISO/TS 22583 емдеу орны бойынша зерттеулер үшін кураторлар мен жабдықтардың операторларына арналған ұсынымдардан тұрады.

c) Зертхана зертхана персоналын пайдаланушылардың қажеттіліктері мен талаптарын, сондай-ақ осы стандарттың талаптарын қанағаттандырудың маңыздылығы туралы хабардар етуі тиіс.

d) Зертханада персоналды қызметкер жұмыс істейтін ұйыммен, бөлімшемен немесе бөліммен, еңбек жағдайларымен және ережелерімен, персоналға арналған үй-жайлармен, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарымен, өндірістегі денсаулықты қорғау қызметімен таныстыру бағдарламасы болуы керек.

6.2.2 Құзыреттілікке қойылатын талаптар

а) Зертхана білім беруге, біліктілікке, оқытуға, қайта даярлауға, техникалық білімге, дағдылар мен тәжірибеге қойылатын талаптарды қоса алғанда, зертхана қызметінің нәтижелеріне әсер ететін әрбір лауазым үшін құзыреттілікке қойылатын талаптарды айқындауға тиіс.

б) Зертхана осы персонал жауап беретін зертхана қызметін орындау үшін барлық персоналды оқытуды қамтамасыз етуі керек.

с) Зертханада құзыреттілікті бағалау кезеңділігіне қатысты талаптарды қамтитын өз персоналының құзыреттілігін бақылау процесі болуы керек.

д) Зертханада оның персоналының құзыреттілігін растайтын құжатталған ақпарат болуы тиіс.

Ескертпе - Кез келген үйлесімде қолдануға болатын құзыреттілікті бағалау әдістерінің мысалдарына мыналар жатады:

- қызметті тікелей бақылау;
- зерттеу нәтижелерінің жазбалары мен ұсынылуын бақылау;
- еңбек кітапшаларын тексеру;
- проблемаларды шешу дағдыларын бағалау;
- арнайы ұсынылған сынамаларды, мысалы, бұрын зерттелген сынамаларды, зертханааралық салыстыру материалдарын немесе бөлінген сынамаларды зерттеу.

6.2.3 Өкілеттіктер

Зертхана төмендегілерді қамтып, бірақ олармен шектелмей, персоналға белгілі бір зертханалық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктер береді:

- а) әдістерді таңдау, әзірлеу, түрлендіру, валидациялау және верификациялау;
- б) зерттеу жүргізу, верификациялау және нәтижелерді ұсыну;
- с) зертханалық ақпараттық жүйелерді пайдалану, атап айтқанда: пациент туралы деректер мен ақпаратқа қол жеткізу, пациент туралы деректерді, зерттеу нәтижелерін енгізу, пациент туралы деректерді немесе зерттеу нәтижелерін өзгерту.

6.2.4 Үздіксіз оқу және біліктілікті арттыру

Басқарушылық және техникалық процестерге қатысатын персоналға үздіксіз оқыту бағдарламасы қолжетімді болуы керек. Барлық персонал үздіксіз оқуға және біліктілікті тұрақты арттыруға немесе мамандықпен байланысты басқа оқыту түрлеріне қатысуы керек.

Бағдарламалар мен іс-шаралардың тиімділігі ауық-ауық қайта қаралуы керек.

6.2.5 Кадрлық есеп құжаттары

Зертханада құжатталған шаралар болуы керек және мынадай жазбалар сақталуы керек:

- а) 6.2.2 а)-да көрсетілген әр лауазым үшін құзыреттілікке қойылатын талаптарды, біліктілік сипаттамаларын айқындау;
- б) лауазымдық нұсқаулықтар;
- с) үздіксіз оқу туралы мәліметтер;
- д) білім, кәсіби біліктілік туралы мәліметтер;
- е) персонал жұмысының тиімділігі туралы мәліметтер.

6.3 Үй-жайлар мен қоршаған орта жағдайлары

6.3.1 Жалпы ережелер

Үй-жайлар мен қоршаған орта жағдайлары зертхана қызметі үшін жарамды болуы тиіс және нәтижелердің дұрыстығына немесе пациенттердің, келушілердің және зертханалық нәтижелерді пайдаланушылар мен персоналдың қауіпсіздігіне теріс әсер етпеуі тиіс. Олар зертханадағы (медициналық ұйымдағы) бастапқы сынама алуға және емдеу орны бойынша немесе пациент орналасқан жерде зерттеулер жүргізуге арналған үй-жайларды қамтуы керек.

Зертхана қызметін жүзеге асыру үшін қажетті үй-жайлар мен қоршаған орта жағдайларына қойылатын талаптар айқындалуға, олардың орындалуы бақылануға және бақылау нәтижелері тіркелуге тиіс.

Ескертпелер

1 ISO 15190 стандартында үй-жайлар мен қоршаған орта жағдайлары туралы толық мәлімет берілген.

2 Нәтижелердің дұрыстығына теріс әсер етуі мүмкін қоршаған орта жағдайларына мыналар жатады, бірақ олармен шектелмейді: нуклеин қышқылдары амплификатының кездейсоқ түсуі, микробтық ластану, шаң, электромагниттік кедергілер, сәулелену, жарықтандыру жағдайлары, ылғалдылық, электрмен жабдықтау, температура, дыбыс және діріл.

6.3.2 Үй-жайларды бақылау

Үй-жайларды бақылау құралдары енгізілуі, тіркелуі, бақылануы, ауық-ауық қайта қаралуы және мыналарды қамтуы тиіс:

а) қауіпсіздікті, құпиялылықты, сапаны және медициналық ақпарат пен пациенттердің үлгілерін қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып бақыланатын қолжетімділік;

б) зертхана қызметіне контаминацияның, интерференцияның немесе энергия көздерінен, жарықтан, желдетуден, шудан, сумен жабдықтаудан және қалдықтарды кәдеге жаратудан туындауы мүмкін жағымсыз әсердің алдын алу;

с) зерттеу шаралары оның туындау қаупімен байланысты болғанда немесе шараларды шектеудің жеткіліксіздігі жұмыс нәтижесіне әсер етуі мүмкін кезде айқаспалы контаминацияның алдын алу;

д) қолданылатын қауіпсіздік құралдары мен құрылғыларын беру және олардың жұмыс істеуін үнемі тексеріп отыру;

Мысал - Тоңазытқыш үй-жайларда және мұздатқыш камераларда апаттық бұғаттан шығару, ішкі байланыс және дабыл беру жүйелерінің жұмыс істеуі, апаттық душ кабиналарының, көзді шаюға және реанимацияға арналған құрылғылардың қолжетімділігі.

е) зертханалық үй-жайды жұмыс жағдайында және сенімді күйде ұстау.

6.3.3 Қоймалық үй-жайлар

а) Үлгілердің, жабдықтардың, реагенттердің, шығыс материалдардың, құжаттар мен жазбалардың өзгермейтін тұтастығын қамтамасыз ететін, рұқсатсыз кіруден қорғалған сақтау орны қарастырылуға тиіс.

б) Зерттеу процесінде пайдаланылатын материалдар мен пациенттердің үлгілері айқаспалы контаминацияны және зақымдануды болдырмайтындай сақталуы тиіс.

с) Қауіпті материалдар мен биологиялық қалдықтарды сақтауға және жоюға арналған үй-жайлар кез келген заңнамалық немесе нормативтік талаптар шеңберінде материалдардың жіктемесіне сәйкес келуге тиіс.

6.3.4 Қызметтік үй-жайлар

Әжетханалар мен ауызсу қорларына, сондай-ақ жеке қорғаныс құралдары мен киімдерді сақтауға арналған үй-жайларға қол жеткізуді қамтамасыз еткен жөн.

Персонал үшін орын, мысалы, жиналыстар, оқу сабақтары және демалыс аймақтары қарастырылуы керек.

6.3.5 Сынамалар жинауға арналған үй-жайлар

Сынамалар жинауға арналған үй-жайлар:

а) зерттеу сапасына теріс әсер етпейтіндей үлгілерді жинау мүмкіндігін қамтамасыз етуі;

б) үлгілерді алу шаралары кезінде пациенттердің құпиялылығын, жайлылығын және қажеттіліктерін (мысалы, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған әжетхана бөлмелерінің болуы және оларға қол жеткізу) ескеруі, еріп жүретін адамдарды (мысалы, қамқоршыны немесе аудармашыны) орналастыруы;

с) пациенттер қабылдайтын және сынамалар жинайтын жекелеген аймақтарды қамтамасыз етуі;

д) пациенттерге де, персоналға да алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған тиісті құралдардың болуы қажет.

Ескертпе - ISO 20658 сынамалар жинауға арналған үй-жайлар туралы жан-жақты ақпаратты қамтиды.

6.4 Жабдықтар

6.4.1 Жалпы ережелер

Зертханада жабдықты таңдау, сатып алу, орнату және іске қосу, қабылдау сынақтарын орындау (жарамдылық критерийлерін қоса алғанда), жабдықпен жұмыс істеу, оны тасымалдау, сақтау, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және оның дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету, ластану мен зақымдануды болдырмау үшін пайдаланудан шығару шаралары әзірленуге тиіс.

Ескертпе - Зертханалық жабдыққа аспаптардың аппаратурасы мен бағдарламалық жасақтамасы, өлшеу жүйелері, зертханалық ақпараттық жүйелер немесе үлгілерді тасымалдау жүйелерін қоса алғанда, зертхана қызметінің нәтижелеріне әсер ететін кез келген басқа жабдық кіреді.

6.4.2 Жабдықтарға қойылатын талаптар

а) Зертхана қызметтер көрсету үшін қажетті жабдыққа қол жеткізе алуы тиіс.

б) Егер жабдықты зертхана өндірушінің тұрақты бақылауынан немесе функционалдық талаптарынан тыс пайдаланса, зертхана басшылығы осы стандарт талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

с) Зертхананың қызметіне әсер етуі мүмкін жабдықтың әрбір элементі бірегей таңбалануы немесе басқа сәйкестендіргіші болуы және тізілімге енгізілуі тиіс.

д) Зертхана зерттеу нәтижелерінің сапасын қамтамасыз ету үшін қажет болған жағдайда қызмет көрсетуі және жабдықты ауыстыруы керек.

6.4.3 Жабдықтарды қабылдау шарасы

Зертхана жабдықты іске қоспас бұрын немесе пайдалануға қайтармас бұрын оның белгіленген жарамдылық критерийлеріне сәйкес келетініне көз жеткізуі керек.

Өлшеу үшін қолданылатын жабдық не өлшеудің дұрыстығын, не өлшеудің белгісіздігін немесе сенімді нәтиже алу үшін қажет екеуін де (7.3.3 және 7.3.4) қамтамасыз етуі керек.

Ескертпелер

1 Бұл талап сонымен қатар медициналық көмек көрсету орындарында немесе мобильді зертханаларда қолданылатын уақытқа берілетін жабдыққа да қатысты.

2 Жабдықты қабылдау сынақтарының жарамдылығын верификациялау қайтарылған жабдықтың калибрлеу сертификаты негізінде жүргізілуі мүмкін.

6.4.4 Жабдықтарды пайдалану жөніндегі нұсқаулық

a) Зертханада нәтижелерді жарамсыз деп тануға әкеп соғуы мүмкін жабдықты байқаусызда реттеудің алдын алу бойынша тиісті құжатталған шара болуы тиіс.

b) Жабдықты пайдалануды оқытылған, уәкілетті және құзыретті персонал орындауы тиіс.

c) Жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар, оның ішінде дайындаушы ұсынған нұсқаулықтар оңай қолжетімді болуы керек.

d) Егер басқа тәсілді зертхана валидацияламаған болса, жабдық дайындаушының нұсқауларына сәйкес пайдаланылуы тиіс (7.3.3 қараңыз).

6.4.5 Жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу

a) Зертханада өндірушінің ұсынымдары негізінде құрастырылған аспаптарға профилактикалық қызмет көрсету бағдарламалары болуы тиіс. Кестелерден немесе дайындаушының нұсқаулықтарынан ауытқулар тіркелуі керек.

b) Жабдық қауіпсіз жұмыс жағдайында ұсталуы керек. Электр қауіпсіздігінің шарты кез келген апаттық ажырату құрылғыларының жарамды жай-күйін және қауіпті материалдармен қауіпсіз жұмыс істеуді, сондай-ақ оларды уәкілетті персоналдың кәдеге жаратуын қамтуға тиіс.

д) сәйкессіздік анықталғанға дейін алынған немесе алынуы мүмкін зерттеу нәтижелеріне әсерін талдауды қоса алғанда, сәйкес келмейтін жұмыстың клиникалық маңыздылығын бағалау жүргізіледі;

е) сәйкес келмейтін жұмыстың қолайлылығы туралы шешім қабылданады;

ф) қажет болған жағдайда зерттеу нәтижелері қайта қаралады, ол туралы пайдаланушыға хабарланады;

г) жұмысты қайта бастауға рұқсат бергені үшін жауапкершілік көрсетіледі.

Зертхана сәйкес емес жұмыстың қайталану қаупіне сәйкес түзету әрекеттерін қабылдауы керек (8.7 қараңыз).

Зертхана 7.5 а)-г)-да көрсетілгендей сәйкес келмейтін жұмыс пен әрекеттердің есебін жүргізуі керек.

7.6 Деректерді және ақпаратты басқару

7.6.1 Жалпы ережелер

Зертханалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті деректер мен ақпарат зертхана үшін қолжетімді болуы тиіс.

Ескертпелер

1 Осы стандартта «зертханалық ақпараттық жүйелер» термині компьютерлерде де, компьютерленбеген жүйелерде де қамтылған деректер мен ақпаратты басқаруды қамтиды. Бұл талаптардың кейбіреулері компьютерленбеген жүйелерге қарағанда компьютерленген жүйелерге көбірек қатысты болуы мүмкін.

2 Компьютерленген зертханалық ақпараттық жүйелермен байланысты тәуекелдер ISO 22367:2020 стандартында, А.13-те қаралады.

3 Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары, ақпараттың құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз етудің стратегиялары мен озық тәжірибелері ISO/IEC 27001:2022 стандартының А қосымшасы Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдарда келтірілген.

7.6.2 Ақпаратты басқару саласындағы өкілеттіктер мен жауапкершілік

Зертхана пациенттерге медициналық көмек көрсетуге әсер етуі мүмкін ақпараттық жүйелерге қызмет көрсету мен түрлендіруді қоса алғанда, ақпараттық жүйелерді басқару саласындағы өкілеттіктер мен жауапкершілікті анықтауы керек. Зертхана қолданылатын зертханалық ақпараттық жүйелерге толық жауап береді.

7.6.3 Ақпараттық жүйелерді басқару

Зерттеулер туралы деректер мен ақпаратты жинау, өңдеу, жазу, есеп беру, сақтау немесе іздеу үшін пайдаланылатын жүйе (жүйелер):

ҚР СТ ISO 15189-2023

а) жеткізуші валидациялаған және жұмысқа енгізілгенге дейін оның функционалдығына қатысты зертханада верификацияланған болуы қажет. Жүйедегі кез келген өзгерістер, соның ішінде бөгде бағдарламалық жасақтаманы баптау немесе жаңарту, оларды жұмыста қолданар алдында авторизациялануы, құжатталуы және валидациялануы керек;

Ескертпелер

1 Валидация мен верификацияға зертханалық ақпараттық жүйе мен зертханалық жабдық, ауруханалық пациенттерді әкімшілендіру жүйесі және алғашқы медициналық көмек жүйелері сияқты басқа жүйелер арасындағы интерфейстердің дұрыс жұмыс істеуі кіреді.

2 Нарықта қолжетімді коммерциялық бағдарламалық жасақтама, егер ол тағайындалған салада әдеттегі қолданыста болса, жеткілікті түрде валидацияланған (мысалы, мәтіндер мен электрондық кестелерді өндеуге арналған бағдарламалық жасақтама және сапаны басқаруға арналған бағдарламалық жасақтама) деп санауға болады.

б) Құжатталған, бұл ретте құжаттама жүйенің күнделікті функционалы бойынша құжаттаманы қоса алғанда, авторландырылған пайдаланушылар үшін оңай қолжетімді болуы тиіс;

с) Жүйені рұқсатсыз кіруден қорғау және деректерді бұрмалаудан немесе жоғалтудан қорғау үшін киберқауіпсіздік талаптарын ескере отырып қолданылатын болуы тиіс;

д) Өнім берушінің ерекшелігіне сәйкес келетін жағдайларда жұмыс істейтін немесе компьютерленбеген жүйелер жағдайында қолмен орындалған деректерді енгізу мен тасымалдаудың дәлдігіне кепілдік беретін шарттарды көздейтін болуы тиіс;

е) Деректер мен ақпараттың тұтастығын қамтамасыз ететіндей, сондай-ақ жүйелік іркілістерді және тиісті шұғыл шаралар мен түзету іс-қимылдарын тіркеуді қамтитындай қызмет көрсететін болуы тиіс.

Есептеулер мен деректерді беру тиісті жүйелі тексерулерден өтуі керек.

7.6.4 Тұралау кезіндегі жоспарлау

Зертханада ақау болған жағдайда немесе зертхананың қызметіне әсер ететін ақпараттық жүйелер істен шыққан кезде операциялық қызметті қолдау үшін жоспарланған процестер болуы керек. Бұл сонымен қатар нәтижелерді автоматты түрде таңдауға және шығаруға қатысты.

7.6.5 Сыртқы басқару

Зертханалық ақпараттық жүйе (жүйелер) объекіден тыс немесе сыртқы провайдер арқылы басқарылатын және қызмет көрсетілетін болса, зертхана провайдердің немесе жүйе операторының осы стандарттың барлық қолданылатын талаптарын сақтауын қамтамасыз етуі тиіс.

7.7 Шағымдар

7.7.1 Процесс

Зертханада шағымдарды қарау процесі болуы керек, оған кем дегенде мыналар кіруі керек:

а) шағымдарды алу, олардың негіздемесін тексеру және қарау, сондай-ақ қандай жауап беру әрекеттері қабылдануы керек деген шешім қабылдау процесінің сипаттамасы;



ҚР СТ ISO 15189-2023

Ескертпе - шағымдарды шешу түзету әрекеттерінің жүргізілуіне әкелуі (8.7 қараңыз) немесе жақсарту процесіне кіріс деректер ретінде пайдаланылуы мүмкін (8.6 қараңыз).

b) оларды шешу үшін қабылданған шараларды қоса алғанда, шағымдарды қадағалау және тіркеу;

c) барлық қажетті шараларды орындау кепілдігі.

Шағымдарды қарау процесінің сипаттамасы көпшілікке қолжетімді болуы керек.

7.7.2 Шағым алу

a) Шағымды алғаннан кейін зертхана шағымның өзі жауап беретін зертхананың қызметіне жататындығын/жатпайтындығын анықтауы және, егер солай болса, бұл шағымды шешу үшін шаралар қабылдауы керек (8.7.11 қараңыз).

b) Шағым түскен кезде зертхана шағымның негізді екенін анықтау үшін барлық қажетті ақпаратты жинауы керек.

c) Мүмкіндігінше зертхана шағымның алынғанын растауы және өтініш берушіге оны талдау нәтижелері бойынша ақпаратты және, егер қажет болса, талдау барысы туралы есептерді ұсынуы тиіс.

7.7.3 Шағымды шешу

Шағымдарды қарау және шешу ешқандай кемсітушілікке әкелмеуі керек.

Шағымдарды шешуді қаралатын шағымға қатысы жоқ адамдар жүзеге асыруы, талдауы және бекітуі тиіс. Ресурстар бұған жол бермейтін жағдайларда кез келген балама тәсіл бейтараптыққа күмән келтірмеуі керек.

7.8 Төтенше жағдайларда үздіксіз жұмыс істеуін жоспарлау

Зертхана төтенше жағдайларға немесе зертхананың қызметі шектеулі немесе мүмкін емес басқа жағдайларға байланысты тәуекелдерді анықтауды қамтамасыз етуі және сәтсіздіктен кейін жұмысын жалғастыруға мүмкіндік беретін жоспарларды, шараларды және техникалық шараларды қамтитын келісілген стратегияны әзірлеуі керек.

Жоспарлар ауық-ауық тексеріліп тұруы керек, сонымен қатар іс жүзінде мүмкін болған кезде жоспарланған жауап тексерілуі керек.

Зертхана:

a) зертхананың тиісті персоналының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, төтенше жағдайлар кезінде ден қою жоспарын әзірлеуі;

b) ақпарат беруі және зертхананың тиісті персоналы үшін тренингтер өткізуі;

c) туындайтын төтенше жағдайларға ден қоюы;

d) төтенше жағдайлардың салдарларын болдырмау немесе азайту жөніндегі шараларды төтенше жағдайдың ауқымына және оның ықтимал салдарларына сәйкес қабылдауы керек.

Ескертпе - Толығырақ ақпарат CLSI GP36-A-да [35] берілген.

8 Менеджмент жүйесінің талаптары

8.1 Жалпы талаптар

8.1.1 Жалпы ережелер

Зертхана осы стандарттың талаптарын дәйекті орындауды қолдау және көрсету мақсатында басқару жүйесін құруы, құжаттауы, енгізуі және қолдауы тиіс.



ҚР СТ ISO 15189-2023

Басқару жүйесі, кем дегенде, мыналарды қамтуы керек:

- міндеттері (8.1)
- мақсаттары мен саясаты (8.2)
- құжатталған ақпарат (8.2, 8.3 және 8.4)
- жақсартуға арналған мүмкіндіктер мен тәуекелдерді жою бойынша іс-қимылдар (8.5)
- үздіксіз жақсарту (8.6)
- түзету әрекеттері (8.7)
- бағалау және ішкі аудиттер (8.8)
- басшылық тарапынан талдау (8.9)

8.1.2 Менеджмент жүйесінің талаптарын орындау

Зертхана (мысалы, ISO 9001 талаптарына сәйкес) сапа менеджменті жүйесін құру, енгізу және қолдау арқылы 8.1.1 [бөлімнің талаптарына] сәйкес келуі мүмкін (B.1 қосымшасын қараңыз). Бұл сапа менеджменті жүйесі 4-7-бөлімдер мен 8.2–8.9-да көрсетілген талаптардың дәйекті орындалуын қолдауы және көрсетуі керек.

8.1.3 Менеджмент жүйесі туралы хабардарлық

Зертхана зертхананың бақылауымен жұмыс істейтін адамдардың мыналар туралы хабардар болуын қамтамасыз етуі керек:

- a) тиісті мақсаттар мен саясат;
- b) өнімділікті жақсартудың артықшылықтарын қоса алғанда, олардың басқару жүйесінің тиімділігіне қосқан үлесі;
- c) менеджмент жүйесінің талаптарын сақтамаудың салдарлары.

8.2 Менеджмент жүйесінің құжаттамасы

8.2.1 Жалпы ережелер

Зертхана басшылығы осы стандартта қойылған міндеттерді орындау үшін мақсаттар мен саясатты белгілейді, құжаттайды және қолдайды және осы міндеттерді зертханалық ұйымның барлық деңгейінде тануды және іске асыруды қамтамасыз етеді.

Ескертпе – Сапаны басқару жүйесінің құжаттары сапа жөніндегі нұсқауда болуы мүмкін, бірақ ол міндетті емес.

8.2.2 Құзыреттілік және сапа

Мақсаттар мен саясат зертхананың құзыреттілігіне, сапасына және келісілген жұмысына қатысты болуы керек.

8.2.3 Бейілділікті дәлелдеу

Зертхана басшылығы менеджмент жүйесін әзірлеуге және енгізуге және оның тиімділігін үнемі арттыруға бейілділік дәлелдерін ұсынуы керек.

8.2.4 Құжаттама

Осы стандарттың талаптарын орындаумен байланысты барлық құжаттама, процестер, жүйелер мен жазбалар менеджмент жүйесіне енгізілуі керек, оларға сілтемелер болуы немесе олар менеджмент жүйесімен байланысты болуы керек.

8.2.5 Персоналдың қолжетімділігі

Зертхана қызметіне тартылған барлық персонал сапа жүйесі құжаттамасының бөлімдеріне және олардың функцияларына қолданылатын тиісті ақпаратқа қол жеткізе алуы тиіс.

8.3 Менеджмент жүйесінің құжаттарын бақылау

8.3.1 Жалпы ережелер

Зертхана осы стандарттың орындалуына қатысты (ішкі және сыртқы) құжаттарды бақылауы керек.

Ескертпе - Осы тұрғыда «құжат» зертхана саясатын, операцияларды орындау жөніндегі шара мен жадынаманы, блок-схемаларды, қолдану жөніндегі нұсқаулықтарды, ерекшеліктерді, өндірушінің нұсқаулықтарын, калибрлеу кестелерін, биологиялық референттік интервалдарды және олардың көздерін, диаграммаларды, плакаттарды, хабарландыруларды, меморандумдарды, бағдарламалық құжаттаманы, сызбаларды, жоспарларды, келісімдерді және зерттеу әдістері, персоналдың қызметін сипаттайтын құжаттар, әдістер, құжаттар алынған нормативтік құжаттар, заңдар, стандарттар және оқулықтар сияқты сыртқы құжаттар, қызметкерлердің біліктілігін сипаттайтын (мысалы, лауазымдық нұсқаулықтар) және т. б. құжаттар болуы мүмкін. Олар кез келген нысанда және кез келген тасуышта (мысалы, қағаз немесе цифрлық) болуы мүмкін.

8.3.2 Құжаттарды бақылау

Зертхана мыналарды қамтамасыз етуі керек:

- a) құжаттарды бірегей сәйкестендіру;
- b) сәйкестігін айқындау үшін тәжірибесі мен құзыреті бар уәкілетті персоналды шығарар алдында құжаттарды сәйкестік мәніне бекіту;
- c) құжаттарды қажеттілігіне қарай мерзімді қайта қарау және өзектендіру;
- d) пайдалану орындарында қолданылатын құжаттардың тиісті нұсқаларына қол жеткізу және қажет болған жағдайда олардың таралуын бақылау;
- e) құжаттардың өзгеруін және ағымдағы қайта қарау мәртебесін сәйкестендіру;
- f) құжаттарды рұқсатсыз өзгертулерден және жоюдан қорғау;
- g) құжаттарды рұқсатсыз кіруден қорғау;
- h) егер олар қандай да бір мақсатта сақталса, тиісті сәйкестендірумен ескірген құжаттарды байқаусызда пайдаланудың алдын алу;
- i) әрбір ескірген басқарылатын құжаттың кем дегенде бір қағаз немесе электрондық көшірмесін белгілі бір уақыт кезеңі ішінде немесе қолданылатын талаптарға сәйкес сақтау.

8.4 Жазбаларды бақылау

8.4.1 Жазбалар жасау

Зертхана осы стандарт талаптарының орындалуын көрсету үшін оқылатын жазбаларды құруы және сақтауы керек.

Жазбалар зерттеу сапасына әсер ететін әрбір әрекетті орындаған сәтте жасалады.

Ескертпе - Жазбалар тасуыштың кез келген нысанында және кез келген типінде сақталуы мүмкін.

8.4.2 Жазбаларды өзгерту

Зертхана жазбалардың өзгеруін алдыңғы нұсқаларға дейін немесе алғашқы зерттеулерге дейін іздеуге болатындығын қамтамасыз етуі керек. Бастапқы және өзгертілген деректер мен файлдар, соның ішінде күні және қажет болған жағдайда өзгертулер енгізу уақыты, өзгертілген аспектілер мен өзгертулер енгізген персонал сақталады.

8.4.3 Жазбаларды сақтау

а) Зертхана өзінің жазбаларын сәйкестендіру, сақтау, рұқсатсыз кіруден және өзгертуден қорғау, сақтық көшірме жасау, мұрағаттау, алу, өз жазбаларын сақтау және жою үшін қажетті шараларды енгізуі керек.

б) Жазбаларды сақтау мерзімдері көрсетілуі тиіс.

1-ескертпе - Талаптарға қосымша, сақтау мерзімдері анықталған тәуекелдер негізінде таңдалуы мүмкін.

с) Алынған зерттеу нәтижелерін қажетті уақыт ішінде немесе сұрату бойынша алуға болады.

д) Барлық жазба бүкіл сақтау кезеңінде қолжетімді болуы, зертхана жазбаларды сақтайтын кез келген ортада оқылуы және зертхана басшылығы тексеруі үшін қолжетімді болуы керек (8.9 қараңыз).

2-ескертпе - Шаралардың белгілі бір түрлеріне (мысалы, гистологиялық, педиатриялық зерттеулер) қатысты заңды жауапкершілік мәселелері белгілі бір жазбаларды басқа жазбаларға қарағанда әлдеқайда ұзақ уақыт сақтауды қажет етуі мүмкін.

8.5 Жетілдіруге арналған мүмкіндіктер мен тәуекелдерді жоюға арналған әрекеттер**8.5.1 Жақсартуға арналған мүмкіндіктер мен тәуекелдерді анықтау**

Зертхана мынадай мақсатта өзінің қызметіне байланысты жақсарту мүмкіндіктері мен тәуекелдерді анықтауы керек:

а) зертхана қызметіндегі қажетсіз құбылыстар мен ықтимал бұзушылықтардың алдын алу немесе азайту

б) қолайлы мүмкіндіктерге сәйкес әрекет ету арқылы жақсартуға қол жеткізу

с) сапаны басқару жүйесінің жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ететініне кепілдік беру

д) пациенттерді емдеу үшін тәуекелдерді азайту

е) зертхананың мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізуге ықпал ету.

8.5.2 Жақсартуға арналған мүмкіндіктер мен тәуекелдерге қатысты әрекеттер

Зертхана басымдықтарды айқындап, анықталған тәуекелдерге қатысты шаралар қабылдауы керек. Тәуекелдерді жою үшін қабылданатын іс-әрекеттер зертханалық зерттеулердің нәтижелеріне, сондай-ақ пациенттер мен персоналдың қауіпсіздігіне ықтимал әсерге пропорционалды болуы тиіс.

Зертхана тәуекелдер мен мүмкіндіктерге қатысты қабылданған шешімдер мен қабылданған әрекеттерді тіркеуі керек.



Зертхана анықталған тәуекелдер мен жақсарту мүмкіндіктері бойынша іс-қимылдарды өзінің менеджмент жүйесіне біріктіріп, енгізуі және олардың тиімділігін бағалауы тиіс.

Ескертпелер

1 Тәуекелдерді жою нұсқалары қатерлерді анықтау және алдын алуды, тәуекел көзін жоюды, тәуекелдің ықтималдығын немесе салдарын азайтуды, тәуекелді беруді, жақсарту мүмкіндігін іске асыру үшін тәуекелді қабылдауды немесе негізделген шешім қабылдау арқылы тәуекелді қабылдауды қамтуы мүмкін.

2 Осы стандарт зертханадан тәуекелдерді анықтауды және жоюды талап еткенімен, тәуекелдерді басқарудың қандай да бір нақты әдісіне қойылатын талаптар жоқ. Зертханалар нұсқау ретінде ISO 22367 және ISO 35001 қолдана алады.

3 Жақсартуға арналған мүмкіндіктер зертхана қызметі саласының кеңеюіне, жаңа технологияларды қолдануға немесе пациенттер мен пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін басқа мүмкіндіктер жасауға әкелуі мүмкін.

8.6 Жақсарту

8.6.1 Үздіксіз жақсарту

а) Зертхана мақсаттар мен саясатта көрсетілгендей талдауға дейінгі, талдамалы және талдаудан кейінгі процестерді қоса алғанда, менеджмент жүйесінің тиімділігін үнемі арттыруы керек.

б) Зертхана жақсартуға арналған мүмкіндіктерді анықтап, таңдауы, сондай-ақ кез келген қажетті әрекеттерді әзірлеуі, құжаттауы және жүзеге асыруы керек. Жақсарту шаралары тәуекелдер мен анықталған мүмкіндіктерді бағалау негізінде ең жоғары басымдыққа ие салаларға бағытталуы керек (8.5 қараңыз).

Ескертпе - Жақсарту мүмкіндіктерін тәуекелдерді бағалау, саясатты пайдалану, операциялық шараларды шолу, жалпы мақсаттар, сыртқы бағалау туралы есептер, ішкі аудит нәтижелері, шағымдар, түзету әрекеттері, басшылық тарапынан талдау, персоналдың ұсыныстары, пациенттер мен пайдаланушылардың ұсыныстары немесе пікірлері, IQC деректері мен нәтижелерін талдау арқылы анықталуы мүмкін.

с) Зертхана қабылданған әрекеттердің тиімділігін бағалауы керек.

д) Зертхана басшылығы зертхананың пациенттерге көмек көрсетудің тиісті салалары мен нәтижелерін қамтитын үздіксіз жақсарту жөніндегі іс-шараларға қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

е) Зертхана басшылығы персоналдың назарына жақсарту жөніндегі жоспарларын және тиісті мақсаттарын жеткізуі тиіс.

8.6.2 Зертхана пациенттерімен, пайдаланушылармен және персоналмен кері байланыс

Зертхана өз пациенттерінен, пайдаланушылардан және персоналдан кері байланыс сұрауы керек. Кері байланыс талданып, басқару жүйесін, зертхана қызметін және пайдаланушыларға арналған қызметтерді жақсарту үшін пайдаланылуы керек.

Кері байланыс, соның ішінде қабылданған әрекеттер туралы жазбалар жүргізілуі керек. Персоналға олардың пікірлері негізінде қабылданған әрекеттер туралы ақпарат берілуі керек.



ҚР СТ ISO 15189-2023

8.7 Сәйкессіздіктер және түзетуші әрекеттер

8.7.1 Сәйкессіздік туындаған кездегі әрекеттер

Сәйкессіздік туындаған кезде зертхана былай әрекет етуі тиіс:

а) Сәйкессіздікке жауап беруі және, егер қажет болса:

1) сәйкессіздікті бақылау және оны жою үшін дереу әрекет етуі;

2) тиісті адамға ақпарат беруді қоса алғанда, пациенттің қауіпсіздігіне ерекше назар аударып, салдарларды жоюы.

б) Сәйкессіздіктің себебін (себептерін) анықтауы.

с) Басқа жерлерде қайталану немесе туындау ықтималдығын азайту үшін сәйкессіздіктің себебін (себептерін) жою үшін төмендегідей жолдармен түзету әрекеттерінің қажеттілігін бағалауы:

1) сәйкессіздікті қарау және талдау;

2) ұқсас сәйкессіздіктер бар-жоғын немесе олардың пайда болуы мүмкін екенін анықтау,

3) егер сәйкессіздік қайталанса, ықтимал тәуекелді (тәуекелдерді) және салдарларды бағалау.

д) Барлық қажетті әрекетті орындауы.

е) Барлық қабылданған түзету әрекеттерінің тиімділігін талдауы және бағалауы.

ф) Қажет болған жағдайда, жақсарту үшін тәуекелдер мен мүмкіндіктерді талдауы.

г) Қажет болған жағдайда, менеджмент жүйесіне өзгерістер енгізуі қажет.

8.7.2 Түзетуші әрекеттердің тиімділігі

Түзетуші әрекеттер анықталған сәйкессіздіктердің салдарларына сәйкес келуі және анықталған себепті (себептерді) жоюы тиіс.

8.7.3 Сәйкессіздіктер және түзетуші әрекеттер туралы жазбалар

Зертхана жазбаларды:

а) сәйкессіздіктер сипатының, себебінің (себептерінің) және кез келген кейінгі қабылданған әрекеттердің, және

б) кез келген түзетуші әрекеттердің тиімділігін бағалаудың дәлелі ретінде сақтауы керек.

8.8 Баға беру

8.8.1 Жалпы ережелер

Зертхана басқару, қолдау және талдауға дейінгі, талдамалы және талдаудан кейінгі процестер пациенттер мен зертхана пайдаланушыларының қажеттіліктері мен талаптарын қанағаттандыратынын, сондай-ақ осы стандарттың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін жоспарланған уақыт аралығында бағалау жүргізуі керек.

8.8.2 Сапа көрсеткіштері

Сапа көрсеткіштерін мониторингілеу процесі [5.5 d) қараңыз] жоспарлануы керек, оған мақсаттар, әдіснамалар, түсіндірулер, шектеулер, іс-қимыл жоспары және

мониторингілеу ұзақтығы кіреді. Олардың одан әрі сәйкестігін қамтамасыз ету үшін көрсеткіштер ауық-ауық қайта қаралуы тиіс.

8.8.3 Ішкі аудиттер

8.8.3.1 Зертхана менеджмент жүйесінің бар-жоғы туралы ақпарат алу үшін жоспарланған интервалдар арқылы ішкі аудиттер жүргізуі керек:

a) өзінің менеджмент жүйесіне, оның ішінде зертханалық қызметке қойылатын зертхананың өз талаптарына сәйкес келе ме;

b) осы стандарттың талаптарына сәйкес келе ме; және

b) нәтижелі енгізілген бе және іске асырыла ала ма.

8.8.3.2 Зертхана ішкі аудит бағдарламасын жоспарлауы, әзірлеуі, енгізуі және іске асыруы тиіс, соның ішінде:

a) пациенттер үшін зертханалық қызметтің тәуекеліне басымдық беріледі;

b) анықталған тәуекелдерді; сыртқы бағалаулар мен алдыңғы ішкі аудиттердің нәтижелерін; сәйкессіздіктер, инциденттер мен шағымдардың туындауын; зертхана қызметіне әсер ететін өзгерістерді ескеретін график;

c) әрбір аудит үшін аудиттің белгілі бір мақсаттары, өлшемшарттары мен көлемі;

d) зертхананың менеджмент жүйесінің нәтижелілігін бағалауға дайындалған, білікті және уәкілетті және, егер ресурстар мүмкіндік берсе, аудитке жататын қызметке тәуелсіз аудиторларды таңдау;

e) аудит процесінің объективтілігі мен бейтараптығын қамтамасыз ету;

f) аудит нәтижелерінің тиісті персоналға берілгеніне кепілдік;

g) негізсіз кідіріссіз қажетті түзету және түзетуші әрекеттер;

h) жазбаларды аудит бағдарламасы мен аудит нәтижелерінің орындалуының дәлелі ретінде сақтау.

Ескертпе - ISO 19011 менеджмент жүйелерінің аудиті бойынша нұсқадан тұрады.

8.9 Басшылық тарапынан талдау

8.9.1 Жалпы ережелер

Зертхана басшылығы осы стандарттың талаптарын орындаумен байланысты мәлімделген саясаттар мен мақсаттарды қоса алғанда, оның тұрақты жарамдылығын, барабарлығы мен нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін жоспарланған кезеңділікпен менеджмент жүйесін талдауы тиіс.

8.9.2 Талдауға арналған кіріс деректер

Басшылық тарапынан талдауға арналған кіріс деректер тіркелуі және кем дегенде келесілерді бағалауды қамтуы керек:

a) басшылық тарапынан болған алдыңғы талдаулардың нәтижелері бойынша іс-қимылдар мәртебесі, менеджмент жүйесіндегі ішкі және сыртқы өзгерістер, зертханалық қызмет көлемі мен типіндегі өзгерістер және ресурстардың жеткіліктілігі;

b) мақсаттарға қол жеткізу және саясат пен шаралардың сәйкестігі;

c) соңғы бағалаулардың нәтижелері, сапа көрсеткіштерін пайдалана отырып процесті мониторингілеу, ішкі аудиттер, сәйкессіздіктерді талдау, түзетуші әрекеттер, сыртқы органдарды бағалау;

d) пациенттердің, пайдаланушылардың және персоналдың пікірлері мен шағымдары;



ҚР СТ ISO 15189-2023

- e) нәтиженің дұрыстығы сапасының кепілдігі;
- f) жақсартуға арналған мүмкіндіктер мен тәуекелдерді жою үшін қабылданған әрекеттер мен кез келген ендірілген жақсартулардың тиімділігі;
- g) сыртқы жеткізушілердің жұмысы;
- h) зертханааралық салыстыру бағдарламаларына қатысу нәтижелері;
- i) РОСТ қызметін бағалау;
- j) мониторингілеу және оқыту іс-шаралары сияқты басқа да тиісті факторлар.

8.9.3 Талдаудың шығыс деректері

Басшылық тарапынан талдаудан алынған шығыс деректер кем дегенде мыналарға қатысты шешімдер мен әрекеттерді жазу болуы тиіс:

- a) менеджмент жүйесінің және оның процестерінің тиімділігі;
- b) осы стандарттың талаптарын орындаумен байланысты зертхана қызметін жақсарту;
- c) қажетті ресурстарды беру;
- d) пациенттер мен пайдаланушыларға қызмет көрсетуді жақсарту;
- e) өзгерістердің кез келген қажеттілігі.

Зертхана басшылығы басшылық тарапынан талдаудан туындайтын іс-әрекеттердің белгіленген мерзімде аяқталуын қамтамасыз етуі тиіс.

Басшылық тарапынан талдаудан туындайтын қорытындылар мен іс-әрекеттер зертхана персоналының назарына жеткізілуі тиіс.

А қосымшасы (ақпараттық)

Емдеу орны бойынша зерттеуге қойылатын қосымша талаптар (РОСТ)

А.1 Жалпы ережелер

Осы қосымшада РОСТ жүргізу жөнінде зертханаға қойылатын, негізгі мәтінде баяндалғандардан ерекшеленетін немесе толықтыратын қосымша талаптар сипатталады. Бұл талаптар зертхананың ұйымдарға, бөлімдерге және олардың персоналына құрылғыларды таңдауға, персоналды оқытуға, сапаны қамтамасыз етуге және РОСТ бүкіл процесін басқаруға қатысты міндеттерін анықтайды.

Пациенттің өзін-өзі тестілеуі мұнда талқыланбайды, бірақ бұл құжаттың элементтері өзін-өзі тестілеуге де қолданылуы мүмкін.

1-ескертпе - ISO/TS 22583 зертханалық қолдаумен байланысты емес қызметтерге арналған нұсқауды қамтиды.

2-ескертпе - ISO 15190 және ISO 22367 РОСТ жүргізу кезінде қауіпсіздік және тәуекел аспектілері бойынша нұсқады қамтиды.

А.2 РОСТ басқару

Ұйымның басшылығы РОСТ жүргізетін дәлдік пен сапаны бақылаудың тиісті процестерінің болуын қамтамасыз етуге жауапты.

Зертхана мен зертхана қолдайтын және РОСТ пайдаланатын басқа орындар арасындағы сервистік келісімдер ұйым ішіндегі тиісті міндеттер мен өкілеттіктердің анықталуына және орындаушылардың назарына жеткізілуіне кепілдік беруі тиіс.

Бұл келісімдер клиникалық және, қажет болған жағдайда, қаржылық мақұлдауға ие болуы керек.

Бұл қызмет көрсету туралы келісімдер РОСТ пайдаланатын бөлімдермен жасалуы керек және оларды медицина қызметкерлері тобы (мысалы, медициналық консультативтік комитет) басқара алады.

А.3 Сапа кепілдігі бағдарламасы

Зертхана РОСТ сапасына жауапты тиісті дайындығы мен тәжірибесі бар адамды тағайындауы керек, ол РОСТ-қа қатысты бөлікте осы стандарттың талаптарын тексеруді және соларға сәйкестікті қамтиды.

А.4 Оқыту бағдарламасы

Оқытуды басқару және РОСТ орындайтын персоналдың құзыреттілігін бағалау үшін тиісті дайындығы мен тәжірибесі бар адам тағайындалуы керек.

Нұсқаушы РОСТ барлық персоналы үшін тиісті теориялық және практикалық оқыту бағдарламасын әзірлеуі, енгізуі және қолдауы керек.

В қосымшасы
(ақпараттық)

ISO 9001 мен осы стандартты салыстыру

ISO 9001 ISO 9000 сапаны басқару жөніндегі стандарттар тобының бөлігі болып табылады және сапа менеджменті жүйесіне қойылатын талаптарды белгілейді. В.1 кестесі осы стандарт пен ISO 9001 арасындағы тұжырымдамалық өзара байланысты көрсетеді.

Осы стандарттың басылым форматы ISO/IEC 17025 форматына көбірек ұқсайды, ол медициналық зертханалар үшін нақты түзетілген осы стандарттың құрылымы үшін модель ретінде пайдаланылады. В.2 кестесінде осы екі стандарт арасындағы салыстыру көрсетілген.

В.1 кестесі – ISO 9001 мен осы стандартты салыстыру

ISO 9001	Осы стандарт
1 Қолданылу саласы	1 Қолданылу саласы
2. Нормативтік сілтемелер	2 Нормативтік сілтемелер
3 Терминдер мен анықтамалар	3 Терминдер мен анықтамалар
4 Ұйымдастыру ортасы	4 Жалпы талаптар
4.1 Ұйымдастырудың және оның ортасының түсінігі	4.1 Бейтараптық
4.2 Мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен үміттерін түсіну	4.2 Құпиялылық
4.3 Сапа менеджменті жүйесінің қолдану саласын анықтау	4.2.1 Ақпаратты басқару
4.4 Сапа менеджменті жүйесі және оның процестері	4.2.2 Ақпаратты ашу
	4.2.3 Персоналдың жауапкершілігі
	4.3 Пациенттерге қойылатын талаптар
	5.1 Заңды тұлға
	8 Менеджмент жүйесінің талаптары
	8.1 Жалпы талаптар
	8.1.1 Жалпы ережелер
5 Көшбасшылық	5 Құрылым мен басқаруға қойылатын талаптар
5.1 Көшбасшылық және бейілділік	5.2 Зертхана басшысы
5.1.1 Жалпы ережелер	5.2.1 Зертхана басшысының құзыреттілігі
5.1.2 Тұтынушыларға бағдарлану	5.2.2 Зертхана басшысының жауапкершілігі
5.2 Саясат	5.2.3 Міндеттерді табыстау
5.2.1 Сапа саласындағы саясатты әзірлеу	5.3 Зертханалық қызмет
5.2.2 Сапа саясаты туралы ақпаратты тарату	5.3.1 Жалпы ережелер
5.3 Ұйымдағы функциялар, жауапкершілік және өкілеттіктер	5.3.2 Талаптарға сәйкестік
	5.3.3 Кеңес беру қызметі
	5.4 Құрылым мен өкілеттіктер
	5.4.1 Жалпы ережелер
	5.4.2 Сапа менеджменті

В.1 кестесінің жалғасы

БИН: 940740000901. Заказ №F-583410072024 от 10.07.2024. Пользователь: Атырау ВИЧ центр
СТ РК ISO 15189-2023 выдан РПВ «Казахстанский институт стандартизации и метрологии». Безвозмездное использование только для резидентов Республики Казахстан

ISO 9001	Осы стандарт
6 Жоспарлау 6.1 Тәуекелдер мен мүмкіндіктерге қатысты әрекеттер 6.2 Сапа саласындағы мақсаттар және оларға қол жеткізуді жоспарлау 6.3 Өзгерістерді жоспарлау	8.5 Жетілдіруге арналған мүмкіндіктер мен тәуекелдерді жоюға арналған әрекеттер 8.5.1 Жақсартуға арналған мүмкіндіктер мен тәуекелдерді анықтау 8.5.2 Жақсартуға арналған мүмкіндіктер мен тәуекелдерге қатысты әрекеттер 5.5 Мақсаттар және саясат 5.6 Тәуекелдерді басқару 7.8 Төтенше жағдайларда үздіксіз жұмыс істеуін жоспарлау
7 Қамтамасыз ету құралдары 7.1 Ресурстар 7.1.1 Жалпы ережелер 7.1.2 Адами ресурстар 7.1.3 Инфрақұрылым 7.1.4 Процестердің жұмыс істеуіне арналған орта 7.1.5 Мониторингілеуге және өлшеуге арналған ресурстар 7.1.6 Ұйымның білім базасы	6 Ресурстарға қойылатын талаптар 6.1 Жалпы ережелер 6.2 Персонал 6.2.1 Жалпы ережелер 6.2.2 Құзыреттілікке қойылатын талаптар 6.2.3 Өкілеттіктер 6.2.4 Үздіксіз оқу және біліктілікті арттыру 6.2.5 Кадрлық есеп құжаттары 6.3 Үй-жайлар мен қоршаған орта жағдайлары 6.3.1 Жалпы ережелер 6.3.2 Үй-жайларды бақылау 6.3.3 Қоймалық үй-жайлар 6.3.4 Қызметтік үй-жайлар 6.3.5 Сынамалар алуға арналған үй-жайлар
7.2 Құзыреттілік	6.2.2 Құзыреттілікке қойылатын талаптар
7.3 Хабардарлық	8.1.3 Менеджмент жүйесі туралы хабардарлық
7.4 Коммуникациялар	7.6 Деректерді және ақпаратты басқару 7.6.1 Жалпы ережелер 7.6.2 Ақпаратты басқару саласындағы өкілеттіктер мен жауапкершілік 7.6.3 Ақпараттық жүйелерді басқару 7.6.4 Тұралау кезіндегі жоспарлау 7.6.5 Сыртқы басқару

В.1 кестесінің жалғасы

ISO 9001	Осы стандарт
<p>7.5 Құжатталған ақпарат 7.5.1 Жалпы мәліметтер 7.5.2 Құру және жанарту 7.5.3 Құжатталған ақпаратты басқару</p>	<p>8.2 Менеджмент жүйесінің құжаттамасы 8.2.1 Жалпы ережелер 8.2.2 Құзыреттілік және сапа 8.2.3 Бейілділікті дәлелдеу 8.2.4 Құжаттама 8.2.5 Персоналдың қолжетімділігі 8.3 Менеджмент жүйесінің құжаттарын бақылау 8.3.1 Жалпы ережелер 8.3.2 Құжаттарды бақылау 8.4 Жазбаларды бақылау 8.4.1 Жазбалар жасау 8.4.2 Жазбаларды өзгерту 8.4.3 Жазбаларды сақтау</p>
<p>8 Операциялық қызмет 8.1 Қызметті жоспарлау және бақылау</p>	<p>6.4 Жабдықтар 6.4.1 Жалпы ережелер 6.4.2 Жабдықтарға қойылатын талаптар 6.4.3 Жабдықтарды қабылдау шарасы 6.4.4 Жабдықтарды пайдалану жөніндегі нұсқаулық 6.4.5 Жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу 6.4.6 Жабдықтың бұзылуы туралы есеп беру 6.4.7 Жабдықтар жөніндегі жазбалар 6.5 Жабдықтарды калибрлеу және метрологиялық бақыланушылық 6.5.1 Жалпы ережелер 6.5.2 Жабдықтарды калибрлеу 6.5.3 Өлшеу нәтижелерінің метрологиялық бақыланушылығы</p>
<p>8.2 Өнімдер мен қызметтерге қойылатын талаптар 8.2.1 Тұтынушымен байланыс 8.2.2 Өнімдер мен қызметтерге қойылатын талаптарды анықтау 8.2.3 Өнімдер мен қызметтерге қойылатын талаптарды талдау 8.2.4 Өнімдер мен қызметтерге қойылатын талаптардың өзгерістері</p>	<p>6.6 Реагенттер мен шығыс материалдар 6.6.1 Жалпы ережелер 6.6.2 Реагенттер мен шығыс материалдар – Қабылдау және сақтау 6.6.3 Реагенттер мен шығыс материалдар – Қабылдау сынақтары 6.6.4 Реагенттер мен шығыс материалдар – Қорларды басқару 6.6.5 Реагенттер мен шығыс материалдар – Қолдану жөніндегі нұсқаулық 6.6.6 Реагенттер мен шығыс материалдар – Жағымсыз жағдай туралы хабарландыру 6.6.7 Реагенттер мен шығыс материалдар – Жазбалар 6.8 Сыртқы жеткізушілер жеткізетін тауарлар мен қызметтер 6.8.1 Жалпы ережелер 6.8.2 Көмекші зертханалар мен кеңесшілер 6.8.3 Сыртқы жеткізушілер мен қызметтерді тексеру және мақұлдау</p>

В.1 кестесінің жалғасы

БИН: 940740000901. Заказ №F-583410072024 от 10.07.2024. Пользователь: Атырау ВИЧ центр
 СТ РК ISO 15189-2023 выдан РГП на ПХВ «Каззахстанский институт стандартизации и метрологии». Безвозмездное использование только для резидентов Республики Казахстан

ISO 9001	Осы стандарт
<p>8.3 Өнімдер мен қызметтерді әзірлеу және дамыту</p> <p>8.3.1 Жалпы ережелер</p> <p>8.3.2 Жобалау мен әзірлеуді жоспарлау</p> <p>8.3.3 Жобалау және әзірлеу үшін бастапқы деректер</p> <p>8.3.4 Жобалау мен әзірлеуді бақылау</p> <p>8.3.5 Жобалау мен әзірлеудің шығыс деректері</p> <p>8.3.6 Жобалау мен әзірлеудегі өзгерістер</p>	<p>7 Зерттеу процестеріне қойылатын талаптар</p> <p>7.1 Жалпы ережелер</p> <p>7.2 Талдауға дейінгі процестер</p> <p>7.2.1 Жалпы ережелер</p> <p>7.2.2 Пациенттер мен пайдаланушыларға арналған зертханалық ақпарат</p> <p>7.2.3 Зертханалық зерттеулерге өтінім</p> <p>7.2.3.1 Жалпы ережелер</p> <p>7.2.3.2 Ауызша өтінімдер</p> <p>7.2.4 Бастапқы сынамаларды жинау және олармен жұмыс істеу</p> <p>7.2.4.1 Жалпы ережелер</p> <p>7.2.4.2 Үлгілерді жинау алдындағы іс-шаралар жөніндегі ақпарат</p> <p>7.2.4.3 Пациенттің келісімі</p> <p>7.2.4.4 Үлгілерді жинау жөніндегі нұсқаулық</p> <p>7.2.5 Үлгілерді тасымалдау</p> <p>7.2.6 Сынамаларды алу</p> <p>7.2.6.1 Сынамаларды алу шарасы</p> <p>7.2.6.2 Сынамаларды қабылдау кезіндегі ерекшеліктер</p> <p>7.2.7 Талдауға дейінгі өңдеу, дайындау және сақтау</p> <p>7.2.7.1 Сынамаларды қорғау</p> <p>7.2.7.2 Қосымша зерттеу жүргізу сұратуларына арналған өлшемшарттар</p> <p>7.2.7.3 Сынаманың тұрақтылығы</p>
<p>8.4 Процестерді, сыртқы жеткізушілер жеткізетін өнімдерді және қызметтерді бақылау</p> <p>8.4.1 Жалпы ережелер</p> <p>8.4.2 Бақылау түрі мен дәрежесі</p> <p>8.4.3 Сыртқы жеткізушілерге арналған ақпарат</p>	<p>6.7 Сервистік келісімдер</p> <p>6.8 Сыртқы жеткізушілер жеткізетін тауарлар мен қызметтер</p> <p>6.8.1 Жалпы ережелер</p> <p>6.8.2 Көмекші зертханалар мен кеңесшілер</p> <p>6.8.3 Сыртқы жеткізушілер мен қызметтерді тексеру және мақұлдау</p>



B.1 кестесінің жалғасы

ISO 9001	Осы стандарт
8.5 Өндіріс және қызметтер көрсету	7.3 Зерттеу процестері
8.5.1 Өндірісті және қызметтер көрсетуді бақылау	7.3.1 Жалпы ережелер
8.5.2 Сәйкестендіру және бақыланушылық	7.3.2 Зерттеу әдістерін верификациялау
8.5.3 Клиенттерге немесе сыртқы жеткізушілерге тиесілі мүлік	7.3.3 Зерттеу әдістерін валидациялау
8.5.4 Сақтау	7.3.5 Биологиялық референттік интервалдар және клиникалық зерттеулер қабылдау деңгейлері
8.5.5 Жеткізуден кейінгі қызмет	7.3.6 Зерттеу шараларын құжаттау
8.5.6 Өзгерістерді бақылау	7.4.2 Зерттеуден кейін сынамалармен жұмыс істеу
8.6 Өнім шығару және қызмет көрсету	7.4 Талдаудан кейінгі процестер
	7.4.1 Нәтижелер туралы есептер
	7.4.1.1 Жалпы ережелер
	7.4.1.2 Нәтижелерді талдау және беру
	7.4.1.3 Сындарлы нәтижелер туралы хабарлау
	7.4.1.4 Нәтижелер туралы есепке арналған ерекше ұсынымдар
	7.4.1.5 Автоматты түрде таңдау, талдау, беру және нәтижелер туралы хабарлау
	7.4.1.6 Есептерге қойылатын талаптар
	7.4.1.7 Есептерге арналған қосымша ақпарат
	7.4.1.8 Берілген есептерді түзету
8.7 Сәйкес келмейтін шығыс деректерді бақылау	7.5 Сәйкессіздіктермен жұмыс істеу
9 Қызмет нәтижелерін бағалау	7.3.4 Өлшеу белгісіздігін бағалау
9.1 Мониторингілеу, өлшеу, талдау және бағалау	7.3.7 Зерттеу нәтижелерінің дұрыстығын қамтамасыз ету
9.1.1 Жалпы ережелер	7.3.7.1 Жалпы ережелер
9.1.2 Тұтынушының қанағаттануы	7.3.7.2 Сапаны ішкі бақылау (IQC)
9.1.3 Талдау және бағалау	7.3.7.3 Сапаны сыртқы бағалау (EQA)
	7.3.7.4 Зерттеу нәтижелерінің салыстырмалылығы
9.2 Ішкі аудит	8.8 Баға беру
	8.8.1 Жалпы ережелер
	8.8.2 Сапа көрсеткіштері
	8.8.3 Ішкі аудиттер



В.1 кестесінің соңы

ISO 9001	Осы стандарт
9.3 Басшылық тарапынан талдау 9.3.1 Жалпы ережелер 9.3.2 Басшылық тарапынан талдауға арналған бастапқы деректер 9.3.3 Басшылық тарапынан талдауға арналған шығыс деректер	8.9 Басшылық тарапынан талдау 8.9.1 Жалпы ережелер 8.9.2 Талдауға арналған кіріс деректер 8.9.3 Талдаудың шығыс деректері
10 Жақсарту 10.1 Жалпы ережелер	8.6 Жақсарту 8.6.2 Зертхана пациенттерімен, пайдаланушылармен және персоналмен кері байланыс
10.2 Сәйкессіздік және түзетуші әрекеттер	7.5 Сәйкессіздіктермен жұмыс істеу 7.7 Шағымдар 7.7.1 Процесс 7.7.2 Шағым алу 7.7.3 Шағымды шешу 8.7 Сәйкессіздіктер және түзетуші әрекеттер 8.7.1 Сәйкессіздік туындаған кездегі әрекеттер 8.7.2 Түзетуші әрекеттердің тиімділігі 8.7.3 Сәйкессіздіктер және түзетуші әрекеттер туралы жазбалар
10.3 Үздіксіз жақсарту	8.6.1 Үздіксіз жақсарту

В.2 кестесі – ISO/IEC 17025 пен осы стандартты салыстыру

ISO/IEC 17025	Осы стандарт
1 Қолданылу саласы	1 Қолданылу саласы
2. Нормативтік сілтемелер	2 Нормативтік сілтемелер
3 Терминдер мен анықтамалар	3 Терминдер мен анықтамалар
4 Жалпы талаптар	4 Жалпы талаптар
4.1 Бейтараптық	4.1 Бейтараптық
4.2 Құпиялылық	4.2 Құпиялылық 4.2.1 Ақпаратты басқару 4.2.2 Ақпаратты жария ету 4.2.3 Персоналдың жауапкершілігі 4.3 Пациенттерге қойылатын талаптар
5. Құрылымға қойылатын талаптар	5 Құрылымға және басқаруға қойылатын талаптар 5.1 Заңды тұлға 5.2 Зертхана басшысы 5.2.1 Зертхана басшысының құзыреттілігі 5.2.2 Зертхана басшысының жауапкершілігі 5.2.3 Міндеттерді табыстау 5.3 Зертханалық қызмет 5.3.1 Жалпы ережелер 5.3.2 Талаптарға сай болу 5.3.3 Кеңес беру қызметі 5.4 Құрылым және өкілеттіктер 5.4.1 Жалпы ережелер 5.4.2 Сапа менеджменті 5.5 Мақсаттар және саясат 5.6 Тәуекелдерді басқару
6. Ресурстарға қойылатын талаптар	6 Ресурстарға қойылатын талаптар
6.1 Жалпы ережелер	6.1 Жалпы ережелер
6.2 Персонал	6.2 Персонал 6.2.1 Жалпы ережелер 6.2.2 Құзыреттілікке қойылатын талаптар 6.2.3 Өкілеттіктер 6.2.4 Үздіксіз оқу және біліктілікті арттыру 6.2.5 Кадрлық есеп құжаттары
6.3 Үй-жайлар мен қоршаған орта жағдайлары	6.3 Үй-жайлар мен қоршаған орта жағдайлары 6.3.1 Жалпы ережелер 6.3.2 Үй-жайларды бақылау 6.3.3 Қоймалық үй-жайлар 6.3.4 Қызметтік үй-жайлары 6.3.5 Сынамалар алуға арналған үй-жайлар

В.2 кестесінің жалғасы

ISO/IEC 17025	Осы стандарт
6.4 Жабдықтар	6.4 Жабдықтар 6.4.1 Жалпы ережелер 6.4.2 Жабдықтарға қойылатын талаптар 6.4.3 Жабдықтарды қабылдау шарасы 6.4.4 Жабдықтарды пайдалану жөніндегі нұсқаулық 6.4.5 Жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу 6.4.6 Жабдықтың бұзылуы туралы есеп беру 6.4.7 Жабдықтар жөніндегі жазбалар
6.5 Метрологиялық бақыланушылық	6.5 Жабдықтарды калибрлеу және метрологиялық бақыланушылық 6.5.1 Жалпы ережелер 6.5.2 Жабдықтарды калибрлеу 6.5.3 Өлшеу нәтижелерінің метрологиялық бақыланушылығы
6.6 Сыртқы жеткізушілер жеткізетін өнімдер мен қызметтер	6.6 Реагенттер мен шығыс материалдар 6.6.1 Жалпы ережелер 6.6.2 Реагенттер мен шығыс материалдар — Қабылдау және сақтау 6.6.3 Реагенттер мен шығыс материалдар — Қабылдау сынақтары 6.6.4 Реагенттер мен шығыс материалдар — Қорларды басқару 6.6.5 Реагенттер мен шығыс материалдар — Қолдану жөніндегі нұсқаулықтар 6.6.6 Реагенттер мен шығыс материалдар — Жағымсыз жағдай туралы хабарландыру 6.6.7 Реагенттер мен шығыс материалдар — Жазбалар 6.7 Сервистік келісімдер 6.7.1 Зертханалардың пайдаланушыларымен жасалатын шарт 6.7.2 РОСТ пайдаланушыларымен жасалатын келісімдер 6.8 Сыртқы жеткізушілер жеткізетін тауарлар мен қызметтер 6.8.1 Жалпы ережелер 6.8.2 Көмекші зертханалар мен кеңесшілер 6.8.3 Сыртқы жеткізушілер мен қызметтерді тексеру және мақұлдау
7 Технологиялық шарттар	7 Зерттеу процестеріне қойылатын талаптар

В.2 кестесінің жалғасы

ISO/IEC 17025	Осы стандарт
7.1 Өтінімдерді, тендерлік ұсыныстарды және келісімшарттарды қарау	7.1 Жалпы ережелер 7.2 Талдауға дейінгі процестер 7.2.1 Жалпы ережелер 7.2.2 Пациенттер мен пайдаланушыларға арналған зертханалық ақпарат 7.2.3 Зертханалық зерттеулерге өтінім 7.2.3.1 Пациенттер мен пайдаланушыларға арналған зертханалық ақпарат 7.2.3.2 Ауызша сұратулар 7.2.4 Бастапқы сынамаларды жинау және олармен жұмыс істеу 7.2.4.1 Жалпы ережелер 7.2.4.2 Үлгілерді жинау алдындағы іс-шаралар жөніндегі ақпарат 7.2.4.3 Пациенттің келісімі 7.2.4.4 Үлгілерді жинау жөніндегі нұсқаулық 7.2.5 Үлгілерді тасымалдау 7.2.6 Сынамаларды алу 7.2.6.1 Сынамаларды алу шарасы 7.2.6.2 Сынамаларды қабылдау кезіндегі ерекшеліктер 7.2.7 Талдауға дейінгі өңдеу, дайындау және сақтау 7.2.7.1 Сынамаларды қорғау 7.2.7.2 Қосымша зерттеу жүргізу сұратуларына арналған өлшемшарттар 7.2.7.3 Сынаманың тұрақтылығы
7.2 Әдістерді таңдау, тексеру және валидациялау	7.3 Зерттеу процестері
7.2.1 Әдістерді таңдау және верификациялау	7.3.1 Жалпы ережелер 7.3.2 Зерттеу әдістерін верификациялау
7.2.2 Әдістерді валидациялау	7.3.3 Зерттеу әдістерін валидациялау
	7.3.5 Биологиялық референттік интервалдар және клиникалық шешімдер қабылдау деңгейлері
7.3 Сынамаларды іріктеу	7.2 қараңыз
7.4 Сынақтар немесе калибрлеу жүргізу	7.4.2 Зерттеуден кейін сынамалармен жұмыс істеу
7.5 Техникалық жазбалар	7.2.4.4 е) Үлгілерді жинау жөніндегі нұсқаулық 7.3.1 d) Зерттеу процестері – Жалпы ережелер 7.4.1.8 Берілген есептерді түзету
7.6 Өлшемдер белгісіздігін бағалау	7.3.4 Өлшемдердің белгісіздігін бағалау



7.7 Нәтижелердің дұрыстығын қамтамасыз ету	7.3.7 Зерттеу нәтижелерінің дұрыстығын қамтамасыз ету 7.3.7.1 Жалпы ережелер 7.3.7.2 Сапаны ішкі бақылау (IQC) 7.3.7.3 Сапаны сыртқы бағалау (EQA) 7.3.7.4 Зерттеу нәтижелерінің салыстырмалылығы
7.8 Нәтижелер туралы есептер	7.4 Талдаудан кейінгі процестер 7.4.1 Нәтижелер туралы есептер 7.4.1.1 Жалпы ережелер 7.4.1.2 Нәтижелерді талдау және беру 7.4.1.5 Автоматты түрде таңдау, талдау, беру және нәтижелер туралы хабарлау
7.8.1 Жалпы ережелер	7.4.1.1 Жалпы ережелер
7.8.2 (Сынау, калибрлеу немесе сынама алу туралы) есептерге қойылатын жалпы талаптар	7.4.1.6 Есептерге қойылатын талаптар
7.8.3 Сынақ хаттамаларына қойылатын ерекше талаптар	7.4.1.7 Есептерге арналған қосымша ақпарат
7.8.4 Калибрлеу сертификаттарына қойылатын ерекше талаптар	7.4.1.3 Сындалы нәтижелер туралы хабарлау
7.8.5 Сынамаларды іріктеу туралы есеп беру – ерекше талаптар	7.4.1.4 Нәтижелер туралы есепке арналған ерекше ұсынымдар
7.8.6 Сәйкестік туралы есептер	7.4.1.8 Берілген есептерді түзету
7.8.7 Пікірлер мен түсіндірулерді ұсыну	
7.8.8 Есептерге енгізілген түзетулер	
7.9 Шағымдар	7.7 Шағымдар 7.7.1 Процесс 7.7.2 Шағым алу 7.7.3 Шағымды шешу
7.10 Сәйкес келмейтін жұмыс	7.5 Сәйкессіздіктермен жұмыс істеу
7.11 Деректер мен ақпаратты басқаруды бақылау	7.6 Деректер мен ақпаратты басқару 7.6.1 Жалпы ережелер 7.6.2 Ақпаратты басқару саласындағы өкілеттіктер мен жауапкершілік 7.6.3 Ақпараттық жүйелерді басқару 7.6.4 Тұралау кезіндегі жоспарлау 7.6.5 Сыртқы басқару 7.8 Төтенше жағдайларда үздіксіз жұмыс істеуін жоспарлау
8 Менеджмент жүйесінің талаптары	8 Менеджмент жүйесінің талаптары
8.1 Нұсқалар	8.1 Жалпы талаптар
8.1.1 Жалпы ережелер	8.1.1 Жалпы ережелер
8.1.2 А нұсқасы	8.1.2 Менеджмент жүйесінің талаптарын орындау
8.1.3 В нұсқасы	8.1.3 Менеджмент жүйесі туралы хабардарлық



В.2 кестесінің соңы

ISO/IEC 17025	Осы стандарт
8.2 Менеджмент жүйесінің құжаттамасы (А нұсқасы)	8.2 Менеджмент жүйесінің құжаттамасы 8.2.1 Жалпы ережелер 8.2.2 Құзыреттілік және сапа 8.2.3 Бейілділікті дәлелдеу 8.2.4 Құжаттама 8.2.5 Персоналдың қолжетімділігі
8.3 Менеджмент жүйесінің құжаттарын бақылау (А нұсқасы)	8.3 Менеджмент жүйесінің құжаттарын бақылау 8.3.1 Жалпы ережелер 8.3.2 Құжаттарды бақылау
8.4 Жазбаларды бақылау (А нұсқасы)	8.4 Жазбаларды бақылау 8.4.1 Жазбалар жасау 8.4.2 Жазбаларды өзгерту 8.4.3 Жазбаларды сақтау
8.5 Тәуекелдер мен мүмкіндіктерге қатысты әрекеттер (А нұсқасы)	8.5 Жетілдіруге арналған мүмкіндіктер мен тәуекелдерді жоюға арналған әрекеттер 8.5.1 Жақсартуға арналған мүмкіндіктер мен тәуекелдерді анықтау 8.5.2 Жақсартуға арналған мүмкіндіктер мен тәуекелдерге қатысты әрекеттер
8.6 Жақсарту (А нұсқасы)	8.6 Жақсарту 8.6.1 Үздіксіз жақсарту 8.6.2 Зертхана пациенттерімен, пайдаланушылармен және персоналмен кері байланыс
8.7 Түзетуші әрекеттер (А нұсқасы)	8.7 Сәйкессіздіктер және түзетуші әрекеттер 8.7.1 Сәйкессіздіктер туындаған кездегі әрекеттер 8.7.2 Түзетуші әрекеттердің тиімділігі 8.7.3 Сәйкессіздіктер және түзетуші әрекеттер туралы жазбалар
8.8 Ішкі аудит (А нұсқасы)	8.8 Баға беру 8.8.1 Жалпы ережелер 8.8.2 Сапа көрсеткіштері 8.8.3 Ішкі аудиттер
8.9 Басшылық тарапынан талдау (А нұсқасы)	8.9 Басшылық тарапынан талдау 8.9.1 Жалпы ережелер 8.9.2 Талдауға арналған кіріс деректер 8.9.3 Талдаудың шығыс деректері

С қосымшасы
(ақпараттық)

ISO 15189:2012 мен осы стандартты салыстыру

С.1 кестесі – ISO 15189:2012 мен осы стандартты салыстыру

ISO 15189:2012	Осы стандарт
Алғысөз	Алғысөз
Кіріспе	Кіріспе
1 Қолданылу саласы	1 Қолданылу саласы
2 Нормативтік сілтемелер	2 Нормативтік сілтемелер
3 Терминдер мен анықтамалар	3 Терминдер мен анықтамалар
4 Басқаруға қойылатын талаптар	4 Жалпы талаптар
4.1 Ұйым мен басшылықтың жауапкершілігі	4.1 Бейілділік
4.1.1 Ұйым	4.2 Құпиялылық
4.1.1.1 Жалпы ережелер	4.2.1 Ақпаратты басқару
4.1.1.3 Этикалық мінез-құлық [(е) ішіндегі құпиялылықты қамтиды].	4.2.2 Ақпаратты жария ету
4.1.1.2 Заңды тұлға	4.2.3 Персоналдың жауапкершілігі
4.1.1.4 Зертхана меңгерушісі	5 Құрылымға және басқаруға қойылатын талаптар
4.1.2 Басшылықтың жауапкершілігі	5.1 Заңды тұлға
4.1.2.1 Басшылықтың міндеттемелері	5.2 Зертхана басшысы
	5.2.1 Зертхана басшысының құзыреттілігі
	5.2.2 Зертхана басшысының жауапкершілігі
	5.2.3 Міндеттерді табыстау
	5.3 Зертханалық қызмет
	5.3.1 Жалпы ережелер
	5.3.2 Талаптарға сай болу
	5.4.1 Жалпы ережелер
	5.4.2 Сапа менеджменті
	8.2.3 Бейілділікті дәлелдеу
4.1.2.2 Пайдаланушының қажеттіліктері	4.3 Пациенттерге қойылатын талаптар
	5.3.3 Кеңес беру қызметі
4.1.2.3 Сапа саласындағы саясат	5.5 Мақсаттар және саясат
4.1.2.4 Сапа саласындағы мақсаттар және жоспарлау	5.5 Мақсаттар және саясат
4.1.2.5 Жауапкершілік, өкілеттіктер және өзара қарым-қатынастар	5.4 Құрылым және өкілеттіктер
4.1.2.6 Коммуникация	5.4.1 Жалпы ережелер б)
4.1.2.7 Сапа жөніндегі менеджер	5.4.2 Сапа менеджменті
4.2 Сапа менеджментінің жүйесі	8 Менеджмент жүйесінің талаптары



С.1 кестесінің жалғасы

ISO 15189:2012	Осы стандарт
4.2.1 Жалпы талаптар	8.1 Жалпы талаптар
	8.1.1 Жалпы ережелер
	8.1.2 Менеджмент жүйесінің талаптарын орындау
	8.1.3 Менеджмент жүйесі туралы хабардарлық
4.2.2 Құжаттамаға қойылатын талаптар	8.2 Менеджмент жүйесінің құжаттамасы
4.2.2.1 Жалпы ережелер	8.2.1 Жалпы ережелер
4.2.2.2 Сапа жөніндегі нұсқау	<i>[міндетті емес, енді талап болып табылмайды, 8.2.1 Ескертпені қараңыз]</i>
4.3 Құжатайналым	8.3 Менеджмент жүйесінің құжаттарын бақылау 8.3.1 Жалпы ережелер 8.3.2 Құжаттарды бақылау
4.4 Қызметтер көрсету туралы келісімдер 4.4.1 Қызметтер көрсету туралы келісімдер жасасу 4.4.2 Қызметтер көрсету туралы келісімдерді қайта қарау	6.7 Сервистік келісімдер
4.5 Реферальды зертханалардағы зерттеу 4.5.1 Реферальды зертханалар мен кеңесшілерді таңдау және бағалау 4.5.2 Зерттеулердің нәтижелерін беру	6.8.2 Көмекші зертханалар және кеңесшілер
4.6 Сыртқы қызметтер мен жеткізілімдер	6.8 Сыртқы жеткізушілер жеткізетін тауарлар мен қызметтер 6.8.3 Сыртқы жеткізушілер мен қызметтерді тексеру және мақұлдау
4.7 Кеңес беру қызметтері	5.3.3 Кеңес беру қызметі
4.8 Шағымдарды шешу	7.7 Шағымдар 7.7.1 Процесс 7.7.2 Шағым алу 7.7.3 Шағымды шешу
4.9 Сәйкессіздіктерді анықтау және бақылау	7.5 Сәйкессіздіктермен жұмыс істеу
4.10 Түзетуші әрекеттер	8.7 Сәйкессіздіктер және түзетуші әрекеттер 8.7.1 Сәйкессіздік туындаған кездегі әрекеттер 8.7.2 Түзетуші әрекеттердің тиімділігі 8.7.3 Сәйкессіздіктер және түзетуші әрекеттер туралы жазбалар

С.1 кестесінің жалғасы

ISO 15189:2012	Осы стандарт
4.11 Алдын алу әрекеттері	8.5 Жетілдіруге арналған мүмкіндіктер мен тәуекелдерді жоюға арналған әрекеттер 8.5.1 Жақсартуға арналған мүмкіндіктер мен тәуекелдерді анықтау 8.5.2 Жақсартуға арналған мүмкіндіктер мен тәуекелдерге қатысты әрекеттер
4.12 Үздіксіз жақсарту	8.6 Жақсарту 8.6.1 Үздіксіз жақсарту 8.6.2 Зертхана пациенттерімен, пайдаланушылармен және персоналмен кері байланыс
4.13 Жазбаларды бақылау	8.4 Жазбаларды бақылау 8.4.1 Жазбалар жасау 8.4.2 Жазбаларды өзгерту 8.4.3 Жазбаларды сақтау
4.14 Бағалау және аудиттер 4.14.1 Жалпы ережелер	8.8 Баға беру 8.8.1 Жалпы ережелер 8.8.2 Сапа көрсеткіштері 8.8.3 Ішкі аудиттер
4.14.2 Сұратуларға, шаралардың жарамдылығына және сынамаларға қойылатын талаптарға мерзімді шолу	7.2.3 Зертханалық зерттеулерге өтінім 7.2.3.1 Жалпы ережелер 7.2.4.1 Жалпы ережелер 7.3 Зерттеу процестері 7.3.1 Жалпы ережелер е)
4.14.3 Пайдаланушылардың пікірлерін бағалау 4.14.4 Персоналдың ұсыныстары	8.6.2 Зертхана пациенттерімен, пайдаланушылармен және персоналмен кері байланыс
4.14.5 Ішкі аудит	8.8.3 Ішкі аудиттер
4.14.6 Тәуекелдерді басқару	5.6 Тәуекелдерді басқару 8.5 Жетілдіруге арналған мүмкіндіктер мен тәуекелдерді жоюға арналған әрекеттер 8.5.1 Жақсартуға арналған мүмкіндіктер мен тәуекелдерді анықтау 8.5.2 Жақсартуға арналған мүмкіндіктер мен тәуекелдерге қатысты әрекеттер
4.14.7 Сапа көрсеткіштері	5.5 Мақсаттар және саясат d) 8.8.2 Сапа көрсеткіштері
4.14.8 Сыртқы ұйымдар жүргізетін тексерулер	8.7 Сәйкессіздіктер және түзетуші әрекеттер
4.15 Басшылық тарапынан талдау	8.9 Басшылық тарапынан талдау
4.15.1 Жалпы ережелер	8.9.1 Жалпы ережелер
4.15.2 Талдауға арналған кіріс деректер	8.9.2 Талдауға арналған кіріс деректер
4.15.3 Талдау бойынша іс-шаралар	[көрсетілмеген]
4.15.4 Талдаудың шығыс деректері	8.9.3 Талдаудың шығыс деректері

С.1 кестесінің жалғасы

ISO 15189:2012	Осы стандарт
5 Техникалық талаптар	6 Ресурстарға қойылатын талаптар
5.1 Персонал 5.1.1 Жалпы ережелер 5.1.2 Персоналдың біліктілігі 5.1.3 Лауазымдық нұсқаулықтар 5.1.4 Персоналдың ұйымдастырушылық ортамен танысуы 5.1.5 Оқыту 5.1.6 Құзыреттілікті бағалау 5.1.7 Персонал жұмысының тиімділігін талдау 5.1.8 Үздіксіз білім беру және кәсіби даму 5.1.9 Кадрлық есеп	6.2 Персонал 6.2.1 Жалпы ережелер 6.2.2 Құзыреттілікке қойылатын талаптар 6.2.3 Өкілеттіктер 6.2.4 Үздіксіз оқу және біліктілікті арттыру 6.2.5 Кадрлық есеп құжаттары
5.2 Үй-жайлар мен қоршаған орта жағдайлары 5.2.1 Жалпы ережелер 5.2.2 Зертханалық және кеңселік үй-жайлар 5.2.3 Сақтау қоймалары 5.2.4 Персоналға арналған үй-жайлар 5.2.5 Пациенттерден сынама алуға арналған үй-жайлар 5.2.6 Үй-жайларға техникалық қызмет көрсету және қоршаған орта жағдайлары	6.3 Үй-жайлар мен қоршаған орта жағдайлары 6.3.1 Жалпы ережелер 6.3.3 Қоймалық үй-жайлар 6.3.4 Қызметтік үй-жайлар 6.3.5 Сынамалар алуға арналған үй-жайлар 6.3.2 Үй-жайларды бақылау
5.3 Зертханалық жабдықтар, реактивтер және шығыс материалдар 5.3.1 Жабдықтар 5.3.1.1 Жалпы ережелер 5.3.1.2 Жабдықтардың қабылдау сынақтары 5.3.1.3 Жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулық 5.3.1.4 Жабдықтарды калибрлеу және метрологиялық бақыланушылық 5.3.1.5 Жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу 5.3.1.6 Жабдықтың бұзылуы туралы есеп беру 5.3.1.7 Жабдықтарды тіркеу	6.4 Жабдықтар және 6.6 Реагенттер және шығыс материалдар 6.4 Жабдықтар 6.4.1 Жалпы ережелер 6.4.2 Жабдықтарға қойылатын талаптар 6.4.3 Жабдықтарды қабылдау шарасы 6.4.4 Жабдықтарды пайдалану жөніндегі нұсқаулық 6.4.5 Жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу 6.4.6 Жабдықтың бұзылуы туралы есеп беру 6.4.7 Жабдықтар жөніндегі жазбалар 6.5 Жабдықтарды калибрлеу және метрологиялық бақыланушылық 6.5.1 Жалпы ережелер 6.5.2 Жабдықтарды калибрлеу 6.5.3 Өлшеу нәтижелерінің метрологиялық бақыланушылығы

С.1 кестесінің жалғасы

ISO 15189:2012	Осы стандарт
